Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

БАСТАУЫШ МЕКТЕПКЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Әдістемелік құрал

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ И УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ВНЕДРЕНИЯ СИСТЕМЫ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ В НАЧАЛЬНУЮ ШКОЛУ

Методическое пособие

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 26 маусымдағы № 5 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 5 от 26 июня 2015 года)

Бастауыш мектепке оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.

Методологические и учебно-методические основы внедрения системы критериального оценивания учебных достижений обучающихся в начальную школу. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 58 с.

Осы әдістемелік құралда бастауыш мектепте оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның тәжірибелері қарастырылған, бастауыш мектепке критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері анықталған.

Әдістемелік құрал облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттерінің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесі ұйымының басшыларына, бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған.

В настоящем пособии показан международный опыт и опыт АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» оценивания учебных достижений обучающихся в начальной школе, раскрываются методологические и учебно-методические основы внедрения системы критериального оценивания в начальной школе.

Методическое пособие адресовано руководителям и методистам областных (районных) методических кабинетов, руководителям организаций системы образования, учителям начальной школы.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

Қазіргі әлемде білімнің қоғамдағы барлық саладағы ілгерілеуді қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретіндегі рөлі жүйелі өзгерістерді талап етеді. Білімнің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде, мектеп білімінің жаңа сапасын қамтамасыз етудің түйінді сәті болып отыр, оған әр азаматтың және тұтас қоғамның келешектегі өмірлік табыстылығы байланысты [1].

Оқушылардың және олардың ата-аналарының әрбір индивидумның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын толыққанды білімге құқықтарын қамтамасыз ету үшін жағдай жасаған маңызды. Оқудың нұсқалары мен әдістерінің көптүрлілігі көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы туралы объективті ақпаратпен ілесуі тиіс, оны білім алушылардың жетістіктерін бағалау үрдісінде айқындауға болады.

Бағалау үрдісін қайта қарастырудың өзектілігі осы күні білімдегі заманауи стратегиялық міндеттермен, білім сапасына қойылатын халықаралық стандарттарды және заман талаптарын ескеріп, білім сапасының деңгейін арттыру қажеттілігімен, білім беру нәтижелерінің объективтілігін және қазақстандық мектеп түлектерінің ел сыртындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатымен, білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағасына және оны бағалауға бірыңғай талаптарды әзірлеу қажеттілігімен анықталуда. Қазақстанның *PISA*-2009 [2] нәтижелерін талдау ұлттық білім беру жүйесін, ҚР Білім беруді 2011-2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасыны шеңберінде білім саясатындағы басым бағыт ретінде бағалау жүйесі және білім сапасының мониторингін жетілдіру үшін өзекті келешегін көрсетуде [3].

Бастауыш мектептің бірінші сыныбында ресми білім алу бірінші сынып оқушыларының мектепке жайлы бейімделуі үшін бағалаусыз оқыту қағидаттары негізінде құрылған. Іс жүзінде бастауыш мектеп білім алушыларының жетістіктерін бақылаудың және бағалаудың балама жүйесі табысты қолданылуда. Білім алушылардың, соның ішінде бастауыш мектеп оқушыларының да жетістіктерін бағалаудың ұтымды нұсқасы болып критериймен бағалау жүйесі табылады.

Критериалды бағалау технологиясының қолданысы білім алушылардың жетістіктерін нақты анықталған, алдын-ала белгілі критерийлермен салыстыруды көздейді, әлдебір оқу материалының қаншалықты сәтті меңгерілгенін, әлдебір практиалық дағдының қаншалықты қалыптасқанын анықтап, әр білім алушының жалпы дайындығы деңгейіндегі өзгерістерді де, оның түрлі танымдық аяларындағы табыстары динамикасында тіркеуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық практикада қазіргі күні жиі қолданылып жүрген бес балдық жүйемен бағалау әдістемесі қарапайым да, үйреншікті екені сөзсіз. Бірақ ол саралауға қабілетсіз және бағалардың объективтілігін қадағалауға мүмкіндік бермейді, өйткені оның білім алушылармен өз жетістіктерін өздігінен бағалауын қолдайтын және дамытатын, сонымен қатар, білім беру үрдісінде білім алушы өзінің сәттіліктері мен сәтсіздіктері туралы ақпаратты меншікті жетістіктерін жақсарту үшін ұсыныс түрінде алып отыратындай, кері

байланысты жүзеге асыратын нақты және анық критерийлері жоқ.

Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі қолданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқамаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерйилерді) қолдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектептегі әр оқушының дайындық деңгейін, оқудағы жеке ілгері басуын критерийлік бағалау жүйесімен анықтау, тек оқушылардың білім алуға деген мотивациясын ғана емес, бастауыш мектептегі білім беру үрдісінің де сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

1 Бастауыш мектепке оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері

1.1 Критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі ретінде

Оқушылардың оқу жетістіктерін әділ және шынайы бағалау жүйесі, білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып саналады.

Осы уақытқа дейін білім мен білікті тексерудің түрлі әдістері қолданылып келді. Алайда тарихи даму процесінде бағалаудың түрлері мен тәсілдері, бақылау-өлшем іс-шаралары, оның мазмұны, оқушыларға әсері, ынталандыру элементтері және басқа факторлар өзгеріп отырды.

Қазіргі уақытта білім беру процесінің жүйелі болуы керек екеніне ешкім күмән келтірмейді, олай болмаған жағдайда оның нәтижелігі төмендейді. Оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын дұрыс бағыттай отырып қана оқушылардың бірін-бірі толықтырып отыратын қайшылықсыз педагогикалық әсерге қол жеткізуге болады.

Онымен қоса, осы процесс аясындағы әр әрекет мақсатты бағытталған, яғни белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған және соған жетуге жетелейтін болуы керек.

Білім беруге қойылған талаптардың қарапайымдылығына қарамастан, оларды толықтай жүзеге асыру қиындығы жоғары объективті және субъективті себептерге келіп тіреледі. Сол арада, бірыңғай оқыту-тәрбиелеу кеңістігіндегі нақты оқу орнының аясында, білім алушы тұлға нысанда болған жағдайда қалыптастыру міндеті өте өзекті болып табылады.

Өкінішке орай, оларды шешудің отандық педагогикадағы дәстүрлі жолдары әрдайым жүзеге аса бермейді. Себебі ол қазақстандық тарихи процестерден бастау алатын жаһандық сипаттағы (ақпараттық өркениетке ауысу баспалдағы), жеке көзқарастағы маңызды өзгерістерге байланысты.

Аталмыш мәселені шешудің екі жолы бар.

Біріншіден, оқыту процесінің түпкі мақсаты мен одан шығатын міндеттерді, оны кезеңмен жүзеге асырудың стратегиясын, оның аясындағы оқушылармен арақатынастың принциптерін анықтау қажет. Бұл жергілікті билік өкілдері деңгейінде мемлекет арқылы жүзеге асырылады. Бұл процесс қоғамның сұранысына берілген жауабы, сондықтан жалпықоғамдық сипатқа ие емес.

Басқа сөзбен айтқанда, мектеп бітірген адам географиялық және әлеуметтік-стратегиялық көзқарастан нақты әлемде тұруы, ал бұл әлемдер бір-бірінен ерекшеленетіндіктен, оған көз жұмып қарау өскелең ұрпақ пен оның ата-анасының алдында мектептің абыройына нұсқан келтіру дегенді білдіреді.

Алайда, көрсетілген мақсаттар мен міндеттердің арасындағы айырмашылық ұлттық білім кеңістігінің бірлестігін бұзбас үшін қағидаттық сипатта болмауы қажет.

Екіншіден, бір пән аясында, сондай-ақ білім беру мекемесінің аясында түрлі элементтер мен сабақ беру әдістерінің арасында өзара байланыс орнауы;

белгілі бір мақсаттарға жету және нақты білім міндеттерін шешу негізінде бір бірімен байланысуы; оқу процесі мекемесінің аясында әр әдістемелік құраманың орнын мақсатты анықтау.

Бұл жерде жаңа әдістемелік элементтер әзірлеу туралы емес, білім технологиясының айтылған мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қолданыстағы әдістемелерді мақсатты жинақтау туралы айтылып отыр.

Көп жылдар бойы бағалау оқушының жетістіктерін басқа оқушының нәтижесімен салыстыру арқылы жүзеге асырылып отырды, ал бұл бағалаудың бірқатар кемшіліктері бар:

− педагогтерге, ата-аналарға және оқушыларға түсінікті болатын білім беру жетістіктерін бағалайтын нақты өлшеулердің жоқтығы;

− педагог әр оқушының жетістігін алдын-ала айқындалған өлшеулер негізінде емес, жалпы сыныптың орташа білім деңгейіне қарап бағалайды;

− оқушыларға қойылған баға оқу бағдарламасының жекелеген бөлімдері бойынша алынатын нақты білімді, білікті, дағдыны көрсете алмағандықтан, әр оқушының жеке білім алу траекториясын анықтауға мүмкіндіктің болмауы;

− қорытынды баға қоюда ағымдағы бағалар есепке алынады, бірақ ол оқытудың қорытынды нәтижесін әділ бағалау болып табылмайды;

− оқыту процесінде мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс болмағандықтан, оқушының білім алуға деген белсенділігі төмендейді.

Бағалау жүйесі және оқушылардың оқу жетістіктерін тіркеу білім беру процесінің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Бағалау жүйесі оқытудың мәселелерін диагностикалаудың және оқушы және мұғалім мен ата-ананың арасында кері байланыс жасаудың негізгі құралы.

Критериалды бағалау:

- оқушы оқытудың негізгі субъектісіне айналады;
- оқушы бойындағы үрейленуді басады;
- мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, ол кеңес беруші, маман, бағыттаушыға айналады.

Осылайша, критериалды бағалау оқушылардың да, мұғалімдердің де денсаулығын сақтау артықшылығына ие.

Білім беру жүйесінің дамуында критериалды бағалаудың орны ерекше. Себебі ол мектептегі білім беру кеңістігінің біріктірілген факторы, оқытудың мәселелерін диагностикалаудың негізгі құралы болып табылады, сонымен қатар оқыту процесінің негізінде жатқан принциптерді қамтиды.

Критериалды бағалау деп тек бағалау барысы мен баға қойылуы тиіс сәттер деп түсінбеу керек, ол жалпы мұғалімнің, оқушының және ата-анананың арасындағы, болмаса оқушының өзі анықтайтын, оқыту процесінің табыстылығын анықтау бойынша бақылау-өлшем байланысын орнататын механизм.

Жалпы алғанда, бағалау және өзін-өзі бағалау жүйесі - білім беру процесінің өз-өзін қадағалап отыратын, ерекше маңызға ие нақты механизмі.

Отандық мектептердің көбінде дәстүрлі бағалау жүйесі, яғни 4 балдық жүйе сақталып келеді: 2 («қанағаттандырылмаған»), 3 («қанағаттандырылған»), 4 («жақсы»), 5 («өте жақсы»).

Теориялық түрде 1 деген балл да бар, бірақ ол қолданысқа ие емес. Енді журналға 5 балдық жүйе бойынша қойылатын сандардың нені білдіретінін анықтап көрейік. Егер ойлап қарасақ, жауабы былай да белгілі – бәрі немесе ештеңе. Мұғалім оларды журналға қою барысында бірқатар ұстанымдарға сүйенеді. Нәтижесінде әр балл оқушылардың деңгейінің біріктірілген:

а) белгілі бір өлшемі;

ә) жалпы сыныптағы;

б) бұрынғы көрсеткіші болады. Бұл факторлар бойынша қойылған бағаны тек мұғаліммен әңгіме барысында, әрине егер ол қандай жағдайда қойылғанын ұмытпаған жағдайда анықтауға болады.

Әрине, әр бағада бұл көрсеткіштер көрініс табады (мысалы, алгебра пәні бойынша орындалған тапсырмалардың саны мен сапасына қарай бағалау кезінде, бірінші орынға өлшемдерді салыстыру шығады), ал негізгі бағалау факторы дерек-дәлел-ойларды, өзіндікін немес өзгенікін, мазмұндау болған жағдайда, ол дәл солай.

Баға әрдайым субъективті. Бірақ көптеген мектептердегі қазіргі жағдайға қарағанда оның субъектілігі күмән туғызады.

Бұлай бағалау түбегейлі мұғалім билігінің құралы. Соған сәйкес мұғалім әрдайым ақиқатқа сай келе бермейтін, талассыз бедел иесі, шындықты тасымалдаушы.

Әсіресе бұл мәселе өзінің (өзгенің) ойын суреттеу, мазмұндау немесе дәлелдеуге құрылған, нақты дұрыс немесе дұрыс емес шешілген мысалдар арқылы бағалай алмайтын пәндерге келгенде өзекті болып отыр.

Бес балдық бағалау көрсеткіші басқа да нормативті бағалау түрлері сияқты нақтылығы жоқ қолайсыз құрал екеніне күмән жоқ. Алайда бағалау жүйесін оны көпқырлы ете отырып жетілдіруге болады.

Алдымен бүгінгі бағалау жүйесінің атқаратын қызметтерін анықтап көрейік:

1. Нормативті қызмет, біріншіден, оның оқу табыстылығына және оқу орнын бітіруіне сәйкес мемлекеттік өлшеммен бекітілген нақты білім алушының жетістіктерін тіркейді. Екіншіден, жеке оқушының, мектеп сыныптарының үлгерімін, олардың дайындық деңгейлері мен мұғалім жұмысының сапасын әкімшілік бақылау.

2. Ақпараттық-диагностикалық қызмет, оқыту процесіне барлық қатысушылардың арасындағы мазмұндық байланыстардың, оқушылардың мазмұндық және эмоционалдық рефлексиясын, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық рефлексиясының негізгі сәттерін қамтиды. Бағалау білім беру процесіндегі нақты сыныптарда жағдайдың дұрыстығы, жеке оқушылардың амандығын ойлауға мүмкіндік береді.

3. Ынталандыру қызметі, оқушылар қызметін ынталандырумен байланысты, бұл қосымша анықтауларды қажет етпейді.

Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар. Жоғарыда аталып кеткен қызметтерге сүйене отырып, бағалау жүйесі шешімін табуға жағдай жасайтын мәселелерді анықтауға тырысайық:

- Бағалау жүйесі оқу әдістемесінің қай түрі тиімді меңгерілгенін, қай

практикалық дағды қалыптастырғанын, басқаша айтқанда, нақты талаптар минимумымен оқушының жеткен жетістігін салыстыруға мүмкіндік туғызуы керек.

- Екіншіден, бағалау жүйесі әр оқушының жалпы дайындық деңгейінің өзгеруін, танымдық қызметтің әр саласында оның жеткен жетістіктерін тіркеп отыруы қажет (ақпаратты меңгеруі, ақпаратты өңдеу, өз ойы мен ойындағы образдарды шығармашылықпен көрсету және т.б.). Бұл білім алу жолындағы жетістіктер мен сәтсіздіктердің нақты суретін алуға мүмкіндік тудырады.

Сонымен қоса, аталмыш ақпаратты тіркеу стандартқа сай, мұғалімнен көп уақытты талап етпеуі, яғни вербалды болмауы керек. Оны жүзеге асыруға жұмсалған уақыт жекелеген оқушылармен жасалатын жұмыстарға ғана арналуы мүмкін деген сипатқа ие болуы мүмкін.

- Үшіншіден, бағаларды қою механизмінің өзінде ондағы ақпаратты сәйкес талдау мүмкіндігінің болуы, бағалау жүйесі ағымдағы және қорытынды бағаларды қоюда, сонымен қатар мақсатқа жетудегі бағаларды қою нақты болуы шарт. Әйтпесе, бағалаудың ақпаратты-диагностикалау қызметінен ынталандыру қызметі басымдық алып кетеді.

- Төртіншіден, бағалау жүйесінде оқушылардың өз жетістіктерін бағалау барысында өзін-өзі көтермелеу және дамыту, сонымен қатар оқыту процесі барысында болып жатқан әрекеттерген рефлексия жасау механизмі болуы. Өзін-өзі бағалап отырған оқушы мұғалімнің бағалауымен келген нәтиже мен өзін бағалау барысында жеткен нәтижені салыстыруға мүмкіндігі болуы шарт. Әрине бағалау жүйесінің мінсіздігі өзін-өзі бағалауға итермелейтін фактор болып отырғаны анық, алайда бұл қойылып отырған міндеттердің бірі ғана.

- Бесіншіден, бағалау жүйесі әрдайым мұғалімнің, оқушының, ата-аналардың, сынып жетекшісінің, сонымен қатар мектептің әкімшілік және педагогикалық ұжымының арасындағы байланыстың орнауын ескеріп отыруы керек. Бұл байланыссыз оқу процесін құрудың жүйелік әдісін, оны толық қамтамасыз ету мүмкін болмайды.

- Алтыншыдан, оқушыға бірыңғай білім беру кеңістігі тақырыбын жалғасыта отырып, бағалау жүйесінің мектептегі нақты бір сынып үшін бірыңғай сәйкес болуын атап кету шарт.

Басқаша айтқанда, әртүрлі сабақта әртүрлі қағидаттарға негізделеген бағалау жүйесінің тиімді болуы мүмкін емес. Бағалау жүйесіндегі қағидаттық сипаттардың түрлілігі жас ерекшеліктеріне сай оқушылар тобының арасында ғана мүмкін.

- Жетіншіден, бағалау жүйесі оқушылардың психикасына ұқыптылықпен қарауға, олады жаралайтын жағдайлардан аулақ болуды көздеуі керек.

Бұған қол жеткізудің негізгі жолы – оқу процесіне қатысушылардың барлығының санасына бағалау жүйесіне сәтті білім алудың, кері байланыс алуды жүзеге асырудың құралы ретінде қарауды сіңдіру.

Аталған ережелер бағалау жүйесінің сұлбасын құрастыруға, оның қызмет етуінің жалпы аясын анықтауға, және оған қоса жетістік критерийі қызметін атқарып, әр білім беру жүйесінің нақтылы жүзеге асуына жол береді.

Көрсетілген талаптарды кезеңмен жүзеге асыру бағалау жүйесінің

қызметтік маңызын, оның ақпараттық-диагностикалық қызметінің маңызын жоғарылатып, нормативтік қызметінің мазмұнын өзгертіп, ынталандыру қызметінің механизмін түбегейлі өзгертуге қол жеткізеді.

Стандарттарды әзірлеу барысында бірқатар ғылыми және әдістемелік мәселелері анықталды. Бұл тек қазіргі қоғамдағы тәрбие мәселесіне ғана қатысты емес, сонымен қатар оқушылардың білімін бағалауға қатысты.

Стандарттың негізгі қызметінің бірі бағалаудың объективтілігін жоғарылату.

Бұл қызметті жүзеге асыру қазіргі оқыту нәтижелерінің сапасын бақылау және бағалау жүйесін түбегейлі өзгертумен байланысты. Стандарт қоғамдағы білім алудың келесі кезеңіне өтіп, білімін жалғастыруға мүмкіндік беретін оқыту деңгейін анықтайды.

Осы деңгей әр оқушының жеткен жетістіктерінің оқыту нәтижелерін бағалауға критериалды-мақсатты тәсілінің негізі ретінде көрсетіледі.

Критериалды-мақсатты тәсілді және дихотомикалық бағалау жүйесін қолдану жетістікті бағалаудың стандарт талаптарына сай объективтілігінің және нақтылығының деңгейін жоғарылатады.

Қазіргі кезде ел мектептерінде оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау қолданысқа ие, себебі бұл тәсіл барлық процеске қатысушыларға оқу материалының игерілу деңгейін түсініп, кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Кері байланыс қаншалықты мазмұны терең болса, соншалықты оған әсері сындарлы бола түспек.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалау – бұл тәсіл, оның аясында бағалаудың және өзін-өзі бағалаудың түрлі тәсілдері, түрлері және әдістері қолданылады.

Критериалды бағалау кезінде:

- оқушы оқытудың негізгі субъектісіне айналады;
- оқушы бойындағы үрейленуді басады;
- мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, ол кеңес беруші, маман, бағыттаушыға айналады.

Осылайша, критериалды бағалау оқушылардың да, мұғалімдердің де денсаулығын сақтау артықшылығына ие.

Критериалды бағалау мұғалімдерге арналған қағидаттық ұстанымдарды тұспалдайды:

1. баға арқылы оқушының өзі емес жасаған жұмысы ғана бағаланады;
2. оқушының жұмысы басқа оқушылардың жұмыстарымен салыстырылады;
3. нақты тапсырмалардың түрлілігі және жақсы орындалған тапсырманың анық және дұрыс сипаттамасының болуы;
4. оқушыларға өлшемдер алдын ала айтылады;

5. оқушы өзінің жетістік деңгейін өзі анықтап, өзін бағалай алатындай баға коюдың нақты алгоритмі әзірленуі керек. Өзін-өзі бағалау оқушылардың өз жұмыстарын рефлексиялауды көздейді. Рефлексия оқушының тұлғалық дамуының, оқушы ретінде дамуының қажетті құраушысының міндетті шарты болып табылады;

6. өзін-өзі бағалауға ауысуға талпыну мақсатында, бағалау процесіне оқушыларды қатыстыру;

7. нені оқытты соны ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийлері – оқу мақсатының нақты көрінісі;

8. пән бойынша жалпы оқу мақсаттары аталмыш пән бойынша оқушылардың жетістіктерін бағалаудың критерийлері болып табылады және оқушылардың жеке жұмыстары барысында анықталған нәтижелерін жалпылауға мүмкіндік туғызады.

Критериалды бағалаудың тәжірибелік маңызы төмендегі артықшылықтармен белгіленеді:

- жеке тұлға емес, оқушының жұмысы бағаланады;
- оқушы жұмысы алдын-ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады;
- бағалау критерийлері нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға баға оқып-зерделенген материал бойынша ғана қойылады;
- өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата- аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритімі белгілі;
- оқушының оқуға деген және өзін-өзі бағалауға ынтасы артады.

Критериалды бағалау:

Мұғалімдерге:

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
5. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға:

1. Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әректінің типтерін қолдануға;
2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Ата- аналарға:

1. Өз баласының оқытылу деңгейі туралы обьективті дәлелдер алуға;
2. Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;

3. Оқу үрдісінде оқушыға қолдау көрсетуге;

4. Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;

5. Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

1.2. Бастауыш мектептегі оқушылар жетістіктерін бағалаудағы халықаралық тәжірибе

Оқытудағы және тұтас әлемдегі заманауи қарқынды дамуы кезеңінде, Қазақстан оқытудың дәстүрлі әдістерінің балалар әлеуетінің толық дамуы үшін жеткіліксіз болып отырған факті алдында тұр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде өмір бойы білім алуға, оқудың барлық деңгейінде сапалы білім алуға жол ашатын білім беру жүйесінің ұлттық моделінің дамуына барынша жағдай жасалғаны аталады. Бастауыш мектепке арналған жаңа стандарт дәстүрлі технологиядан жеке бағытталған сипаттағы оқытуды дамытатын технологияларға ауысуды талап етеді.

Осылайша, дәл осы бастауыш мектепте балалардың дамуын жалғастыру үшін іргелі база салынады. Оқытудың осы кезеңінде балаларды оқуға және сүйсініп оқуға, сыни, шығармашыл, инновациялық және объективті ойлау негіздерін дамытуға үйретуі тиіс. Сондықтан бұл бағыт тұтас Қазақстандағы білім беру жүйесі үшін басым бағыттардың бірі болып саналады.

Білім беру жүйесі жаһандық білім беру жүйесіне бара-бара интеграциясы үшін кең мүмкіндіктерге ие. Отандық педагогикалық ойды ұғынуға, ашық қоғам жағдайында білім беру саласының және білімдегі интеграциялық үрдістердің келесі дамуына шетелдік тәжірибені талдау мен жинақтау ықпал етеді. Әлемдегі білімнің даму бетбұрыстарын түсіну үшін білім сапасының жоғары деңгейі халықаралық зерттеулермен расталып отырған елдердегі білімнің даму тәжірибесін зерттеу анағұрлым маңызды болып табылады. Білімнің жаңартылған мазмұнын және оқушылар жетістітерін критерийлік бағалауды іске асыру мен имплементациясы (іс жүзінде орындалуы) мүмкін болатын ұтымды шарттарды жобалау үшін әзірлеушілерге отандық және халықаралық тәжірибеде орын алып отырған ұқсас тәжірибеге жүгіну қажет болады.

Бастауыш мектептегі критерийлік бағалауды едәуір терең зерделеу үшін білім саласындағы Финляндия, Сингапур, Ұлыбритания мен Жапония секілді озық елдердегі тәжірибені қарастыруға болады.

Финлияндиядағы бастауыш мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау

Финляндиядағы мектеп білімінде бағалауды ұйымдастырудың негізгі факторлары – ішкі, сыртқы және олардың қатар үйлесімділігіндегі бағалау болып табылады.

Сыртқы бағалаудың мақсаты ретінде мектептердің білім туралы заңдарды іс жүзінде орындауы бойынша қызметін қадағалау, білімнің дамуына қолдау көрсету және білім шарттарын жақсарту шығады. Сыртқы бағалау тұтас білім беру жүйесі және білім беру үрдісінің жеке қырлары туралы ақпаратты білім беру мекемелерінің қызметі, олардың тиімділігі, нәтижелілігі, үнемділігі (білімдегі қажеттілік пен оған сұраныс, мектептегі білімнің түрлі деңгейлеріндегі оқушылардың оқуға түсуі мен санды құрамы; мектептегі білімнің тұтас және жеке бөліктерінің құрылымы мен қызметі; білім сапасы мен қолжетімді құралдар арасындағы байланыс; білім мен қоғам арасындағы арақатынас; оқу жоспарлары мен оқу курстары; оқу жетістіктері және т.б.) туралы түрлі деректерді жинақтау арқылы алуға бағытталған.

Ішкі бағалаудың мақсаты білім беру жүйесінің жағдайы туралы ақпаратты алу, білім беру ортасындағы жағымсыз құбылыстардың дамуына жол бермеуге және оның алдын алуға бағытталған, мектептің болжамдауға жататын өзгерістерінің жүйесін әзірлеу болып табылады. Ішкі бағалау оқу орнының қызметіндегі түрлі аспектілер бойынша өзін-өзі бағалаумен байланысты (емтихандардың нәтижелері, мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қатынастардың педагогикалық қырлары, оқу орнының материалдық ресурстары).

Сыртқы және ішкі бағалау қатар үйлесімділігінде жүретін бақылаудың негізгі түрлері келесідей көрініс береді: салыстырмалы бағалау (мектептің негізгі нәтижелерін, тек білімділік емес, дамуға да және белгіленген міндеттерді орындауға да мүмкіндіктерін осы аядағы ұлттық немесе халықаралық нәтижелермен салыстыру); жағдайлық бағалау (белгіленген міндеттердің қаншалықты жақсы шешіліп отырғанын анықтау үшін, мектептердің белгілі түрлерінің қызметін, белгілі бір білімділік секторды немесе тұтас білім беру жүйесін бағалау); тақырыптық бағалау (нақты білімділік пәндерді оқыту сапасын зерделеу, соның ішінде халықаралық деңгейде де); стандартталған бағалау (мектеп оқушыларының білімділік нәтижелерін тест үлгісінде іріктеп зерделеу) [4].

2012 жылы *PISA (Programme for International student assessment)* халықаралық зерттеуінің деректері бойынша, финляндия ғылыми-жаратылыстану сауаттылық, математикалық сауаттылық және әдеби оқу сауаттылығы бойынша бағалау нәтижелерімен үздіктердің ондығында болған. Нақты нәтижелерге Финляндиядағы білім беру ісінің елдегі ішкі саясатта басым болуы алғы шарт ретінде шыққан. Мектептегі білім заманауи жаһандануда және бетбұрыстарда орныққан қағидаттарға және құндылықтарға негізделіп, Финляндиядағы білім өз мақсаты ретінде оқушының жеке тұлғасын, оның өзін өзі таныту, білімге бейімділігі, жылдам бейімделуге қабілеттілігін заманауи өмірдің шынайылығында дамытуды алға тартады. Финдер «не біз өмірге дайындаймыз, не – емтиханға дайындаймыз. Біз біріншісін таңдаймыз», деп айтады.

Өткізілген зерттеулер көрсетіп отырғанындай, Финляндияның біліміндегі бағалау тұжырымдамасы өз ерекшелігіне ие. Бағалау жүйесінің жеке білім беру орындарының оқудағы теріс нәтижелерін іздестіріп, көрсету арқылы емес, оқу

орындары мен білімділік саясатын өткізіп отырғандардың арасында үйлесімді қарым-қатынасқа қол жеткізу арқылы білім сапасын көтеруге ықпал ету керектігі атап көрсетіледі.

Бағалау сенім беріп, алға басуға түрті болып, оқу орнының жұмысын жақсы жаққа өзгертуге қабілеттілігіне иландыруы тиіс. Оқу орындары қызметін бағалаудың осындай жүйесінде ынталандыру да, айып кесімдерін қолдануға жол берілмейді. Финляндияның біліміндегі бағалаудың мақсаты – бұл, ең алдымен, түрлі, елдегі оқу орындарының және тұтас мектеп білімі жүйесінің қызметі туралы өзекті және сенімгерлігі жоғары ақпаратты ұсыну арқылы мұғалімдерге және білім беру мекемелеріне қолдау көрсету. Бағалау нәтижелері, сонымен қатар бағалау үшін қолданылған әдістер мен материалдар қоғам үшін жалпы қол жетімді. Оның нәтижелері Ұлттық оқу жоспарын түзуде ескеріліп, білімділік саясат саласындағы шешімдерді қабылдауға әсерін тигізеді. Осының барлығы ақыр соңында бір мақсатқа- елдегі білім сапасын жақсартуға бағынған.

Финляндиядағы мектеп білімін бағалауды ұйымдастырудың негізгі формалары – ішкі, сыртқы және олардың қатар үйлесімділігі.

Сыртқы бағалаудың мақсаты ретінде мектептердің білім туралы заңдарды іс жүзінде орындауы бойынша қызметін қадағалау, білімнің дамуына қолдау көрсету және білім шарттарын жақсарту шығады. Сыртқы бағалау тұтас білім беру жүйесі және білім беру үрдісінің жеке қырлары туралы ақпаратты білім беру мекемелерінің қызметі, олардың титімділігі, нәтижелілігі, үнемділігі (білімдегі қажеттілік пен оған сұраныс, мектептегі білімнің түрлі деңгейлеріндегі оқушылардың оқуға түсуі мен санды құрамы; мектептегі білімнің тұтас және жеке бөліктерінің құрылымы мен қызметі; білім сапасы мен қолжетімді құралдар арасындағы байланыс; білім мен қоғам арасындағы ара-қатынас; оқу жоспарлары мен оқу курстары; оқу жетістіктері және т.б.) туралы түрлі деректерді жинақтау арқылы алуға бағытталған.

Ішкі бағалаудың мақсаты білім беру жүйесінің жағдайы туралы ақпаратты алу, білім беру ортасындағы жағымсыз құбылыстардың дамуына жол бермеуге және оның алдын алуға бағытталған, мектептің болжамдауға жататын өзгерістерінің жүйесін әзірлеу болып табылады. Ішкі бағалау оқу орнының қызметіндегі түрлі аспектілер бойынша өзін-өзі бағалаумен байланысты (емтихандардың нәтижелері, мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қатынастардың педагогикалық қырлары, оқу орнының материалдық ресурстары). Сыртқы және ішкі бағалау қатар үйлесімділігінде жүретін бақылаудың негізгі түрлері келесідей көрініс береді: салыстырмалы бағалау (мектептің негізгі нәтижелерін, тек білімділік емес, дамуға да және белгіленген міндеттерді орындауға да мүмкіндіктерін осы аядағы ұлттық немесе халықаралық нәтижелермен салыстыру); жағдайлық бағалау (белгіленген міндеттердің қаншалықты жақсы шешіліп отырғанын анықтау үшін, мектептердің белгілі түрлерінің қызметін, белгілі бір білімділік секторды немесе тұтас білім беру жүйесін бағалау); тақырыптық бағалау (нақты білімділік пәндерді оқыту сапасын зерделеу, соның ішінде халықаралық деңгейде де); стандартталған бағалау (мектеп оқушыларының білімділік

нәтижелерін тест үлгісінде іріктеп зерделеу).

Бағалау жүйесі төрт негізгі бағыт бойынша нәтижелерді анықтауға бағытталған: 1) оқу орны қызметін өз бетінше бағалау (ішкі бағалау); 2) мектеп оқушысының оқу нәтижелері (ішкі бағалау); 3) оқу орындарының қызметі туралы түрлі деректерді жинақтау арқылы тұтас білім жүйесінің дамуы туралы ақпаратты алу (сыртқы бағалау); 4) білім беру үрдісінің жеке қырларынан жетістіктер туралы ақпаратты алу (сыртқы бағалау).

Финдік мектепте оқушылар бағамен (балмен) 12 жасына дейін бағаланбайды. Бастауыш мектепте емтихандар өткізілмейді. Әр оқушы өз ырғағымен ілгері қадам басып, дамуда. Баға қою оқушының білімділік жетістіктері жолындағы кедергі деп саналады. Баланың ата-анасы оның жетістіктері туралы ақпаратты жылына екі рет алады, онда баға жоқ, бірақ бала жетістіктерін сипаттау орын алады. Бастауыш мектептің өзінде мұғалім оқушыны өз бетінше бағалауға, ол оны өз ерекшеліктерін түсінуге және өз ресурстарын жақсы оқу нәтижелеріне жету үшін шоғырландыруға үйретеді. 1-5 сыныптар аралығында сөзбен бағалау кең тараған. Бұл кезде оқушымен өз қызметін өз бетінше бағалау үрдісіндегі бастауыш мектептің 1-сыныбынан тұрақты құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушының өз бетінше бағалауының негізгі функциясы – өзін прогрессивті түрде тану және өзінің үнемі оқуға деген қабілеттерін дамыту. Оның мақсаты – оқушыны өз қабілеттерін шындыққа сүйеніп бағалауға, оны өз жетістітерін қадағалауға, оқуда белгіленген мақсаттарын түсінуге, өзіне өз оқуындағы мақсаттарды белгілеуге үйрету. Өз бетінше бағалау жолымен оқушы өз жетістіктерін, өзінің оқу және жұмыс қабілеттерін бақылап, талдауға алады. Бұл жадайда оқушыға мұғалім тарапынан үнемі көмек пен қолдау көрсетіліп отырады [4].

«Жүріс-тұрысын бағалау» финдік негізгі мектебіндегі бағалаудың кешенді жүйесіне енеді. Бұл бағалау оқушының басқа адамдарға және қоршаған ортаға қатынасын, еңбекті қаншалықты бағалайтынын, мектеп қызметін, жалпы қабылданған ережелерді (соның ішінде, мектептік) құрметтейтінін ескереді. Білімділік құндылықтардың арасында мектеп құжаттамасында аталатындары: тіршілікті сүюі; тұрақты даму; бастамашыл, шығармашыл және сындарлы рухы; командада жұмыс жасау және әріптестік рухы; адамдар арасындағы айырмашылықтарды және т.б. оң әсермен қабылдау. Финдік мектептің тәрбиелік тұжырымдамасында оқушымен өзінің бойында бірқатар қасиеттерді дамытудың мақсаты белгіленеді, соның ішінде:

- Адал және сенімге лайықты болу.
- Өзгелерді құрметтеу.
- Әркімнің құқығын құрметтеу.
- Әділ болу.
- Әріптестік және жалпы жауапкершілік сезімдеріне ие болу.
- Байсалды жұмыс ырғағын қолдап отыру.
- Қызметшіл ілтипатты болу.
- Алғыр және серпінді болу.
- Жұмыстағы қоршаған ортаға және өмірге жауапты қатынас жағын қабылдау.

• Мектеп жұмысының барлық міндеттері мен міндеттемелерін саналы қабылдау.

• Мектептегі сабақтарға ұдайы қатысып жүру.

• Өзінің меншікті қауіпсіздігіне және мектептегі қоғамдастықтың басқа да мүшелерінің қауіпсіздігіне ыпал ету.

Оқушының жүріс-тұрысына бағаны нақты оқушының білім алу үрдісіне қатысатын барлық мұғалімдер береді. Бұл баға балдар түрінде (4-тен бастап 10-ға дейін) ағымды оқу жетістіктерінде көрініс тауып, қорытынды сертификатта да (оқуды аяқтағанда), аралық сертификатта да (оқушы мектептен өз еркімен кеткенінде) тіркелмейді [5].

Бағалау сұхабы және өз бетінше бағалау.

Жыл бойында мұғалім, әдеттегідей, белгіленген мақсаттарға және міндеттерге жету оқушымен қаншалықты сәтті орындалғанын талқылау үшін, ата-аналармен және оқушымен бірнеше рет жолығады. Кездесулердің барысында оқушы алда қол жеткізуге ұмтылуы қажет болатын келешек мақсаттар да ойластырылуы мүмкін. Ата-ана тарапынан қолдау көру оқушы үшін өте маңызды. Бағалау, сонымен қатар, оқушы тарапынан өз жүріс-тұрысын және үлгерімін өз бетінше бағалауын да құрайды. Өз бетінше бағалаудың нәтижелері жазбаша түрде тіркеліп, оның ата-анасына көрсетіледі. Үлгерім туралы куәліктер мен өзге де құжаттарды көктемде, оқу жылының аяқталысымен оқушы оқу жылы бойындағы үлгерімі туралы куәлік алады. Одан өзге, жыл бойында үлгерімнің аралық табельдері беріледі [6].

Балл түріндегі бағалар (4-тен бастап 10-ға дейін) тек 6-сыныпта пайда болады. Пәнді толық білмеуі «4» балымен бағаланады. Бұл оқудың толық курсын қайталап өту қажеттігін білдіреді. «4» саны кездейсоқ таңдалған жоқ: негізгі мектептегі бағалаудың финдік жүйесінде «0» мәнімен берілетін баға арқылы баланың абыройын, намысын түсіруге болмайды. Түрлі балдар білімнің белгілі деңгейіне сәйкес келеді: 7 балл – орташа нәтиже, 8 балл – жақсы нәтиже, 10 балл – үздік нәтиже. Негізі мектептегі бағалар орта мектептің жоғары – жалпы білім беру немесе кәсіби бағдарлы сыныптарына оқуға түсу үшін негізгі фактор болып табылады. Жоғары сыныптарда да бағалар сол балмен қойылады (4-тен бастап 10-ға дейін), бірақ бұл кезде бағалау жиілігі өзгереді. Бағалау сынақ аптасы түрінде әр 6 апта сайын өткізіледі оның барысында оқушы тесттерді бірнеше уақыт бойында жазады (9.00-ден бастап 12.00-ге дейін). Орта мектептің соңында оқушылар зерделеніп отырған пәні сабақтарының 2/3 мазмұны бойынша өзінің жетістіктерін дәлелдеу керек, бұл орта мектепті аяқтағаны туралы сертификат алу үшін қажет болады. Осы емтихандардың барысында бағалаудың басқа шкаласы («0» балдан бастап – қанағаттанарлықсыз, 7 балл - «үздік нәтиже») қолданылады. Сәтсіз аяқталып, сынақта «0» балл алған жағдайында, оқушылар нақты пәнді зерделеуді қайталауға немесе белгілі мерзімде қайта емтиханнан өту мүмкіндігіне ие.

Осылайша, зертету көрсеткеніндей, Финляндиядағы мектеп білімі білім сапасын арттыруда бағалау ең маңызды рөл атқаратын айқын жүйені білдіреді. Бағалау оның көмегімен білім беру жүйесінің жағдайын, дамуындағы бетбұрыстарын, келешекте белгілі педагогикалық түзетулерді талап етуі мүмкін

болатын нәтижелерін көрсететін қажетті ақпарат жинақталатын реттеуші құрал болып табылады. Сыртқы және ішкі бағалау нәтижелерінің ашық және қол жетімді болуы оларды басылым нұсқасында да, Интернет желісінде де жариялау арқылы орындалады. Бағалау нәтижелері туралы ақпарат білімді басқарудың жоғары органдарымен елдегі білімнің стратегиялық дамуы және білімділік реформаларды өткізу үшін де, педагогикалық ұжымдармен, жеке мұғалімдермен өзінің педагогикалық қызметін жетілдіру үшін де қолданылады [4].

Финляндия мектебіндегі оқушылар жетістігін бағалаудың уәжді функциясын да атап өткен жөн, ол оқушы мен оның ата-аналарының назарын оқушының не білетініне және не істей алатынына аударады. Жетістіктерді бағалау оқушының оң бейнесін, ең алдымен, оның өзі үшін қалыптастыру үшін қызмет етеді, бұл оны жаңа оқу міндеттерін орындауға ынталандыруы мүмкін [7]. Осы жағдайда бағалау өзінің жарысу сипатынан айырылып, ынталандырушы құралға айналады. Бағалаудың осындай нысанында сыныптағы күйзеліс пен алаңдаушылық жоқтың қатарына жетеді. Негізгі мектепті аяқтағанға дейін стандартталған тесттер мен емтихандардың жоқтығы мұғалімдерге ең алдымен балаларды өз бетінше білім алуға және оларды өз жетістіктерін өз бетінше бағалауға үйрету мақсаттарын белгілеп, бағаларды баяу және оң әсермен қолдану мүмкіндігін береді. Барлық мектептер «Wilma» мемлекеттік электрондық жүйесіне қосылған, бұл электронды мектеп күнделігіне ұқсап, ата-аналар оған арналған рұқсаттың жеке кодына ие болады. Педагогтер бағаларды қойып, өткізіп алған сабақтарды тіркеп, баланың мектептегі өмірі туралы хабардар етіп отырады; психолог, әлеуметтік қызметкер, «болашақтың мұғалімі», фельдшер де онда ата-аналар үшін қажетті ақпаратты қалдырып отырады.

Финдік мектепті бағалаудың қаһарлы реңкі жоқ және ол тек оқушының өзі үшін қажет, баланы белгіленген мақсатқа жету және өздігінен тексеру үшін қолданылады, бұл оқушының қалауы бойынша өз білімін жақсартуда қажет. Олар мұғалімнің, мектептің беделіне ешқалай әсерін тигізбейді және аудандық көрсеткіштерді бұзбайды.

Сингапурдың бастауыш мектептеріндегі оқушылардың жетістіктерін бағалау

Орта білім деңгейінде Сингапурдың саясатын «Ойлампаз мектеп, танымды ұлт» ұранымен жүреді. Бұл идея Премьер-министр Го Чон Донгтың философиясына негізделген, ол «XXI ғасырдағы ұлттың ауқаттылығына азаматтардың білім алуға қабілеттілігі алғышарт болады», деп сенген (1979). 2010 жылы көпшілік назарына «Сингапурдағы ойлампаз мектептер: жоғары көрсеткіштермен, күшті атқарушылармен және білімдегі сәтті реформалармен ілесетін жылдам даму: Америка Құрама Штаттарындағы PISA бойынша сабақ» атты тұсаукесерінде оқушылардың сыни және шығармашыл ойын, өмір бойында білім алуға ынтасын және елжандылықты тәрбиелеуге қабілетті мектеп жүйесінің елестері көрсетілді. Танымды Ұлт – оқуды ұлттық мәдениет ретінде ұсыну идеясы, онда креативтілік пен инновациялар әр әлеуметтік

деңгейде өркендеуде» (2008). «Ойлампаз мектеп, танымды ұлт» идеясы бірқатар жыл бойында бастамалардың кең спектрін қамтиды. Бұл идея білімді оқушының қабілеттеріне және қызығушылықтарына бейімдеуге, едәуір үлкен икемділікті қамтамасыз етуге, оқушылар үшін таңдау мүмкіндігін беруге және білім құрылымын жаңадан құруға арналған. Мұғалімдер үшін кәсіби даму мен ынталандыру жаңғыртылды, онымен бірге педагогикалық білім де жаңартылды. Оқу жоспарлары мен бағалау жүйесі де олармен бірге жаңғыртуға ұшырап, жобалық жұмысқа және шығармашыл ойға екпін алды. Негізгі ресурстардың міндеттері, үш кезектес бас жоспарлардың енгізілуі өз бетінше және бірлескен оқуларға арналған жаңа түрлердің белсендендірушісі ретінде ақпараттық және коммуникациялық (қатынас) технологиялар жүйесіне байланысты қабылданды. Оқушыларға арналған едәуір кең пәндік спектр түзілді, сонымен бірге математиканың, өнердің, ғылым мен спорттың аяларында мамандандырылған түрлі мектептердің портфолиосы, оған қоса бірқатар тәуелсіз мектептер түзілді. «Бізге жастарды көтеріп, өзінің жаңа құштарлығын іздестіруге және жоғары мақсаттарға жетуге шабыттандыру үшін озық тәжірибенің жалғыз шыңы емес, тау жотасы қажет», - деді Сингапурдың бұрыңғы білім министрі Тарман Шанмугаратнам.

Әкімшілік түрінде Сингапур 4 білімділік округке бөлінген, оның әрқайсысында 7 мектеп кластерінен бар, оларды суперинтенданттар басқарады, кластерде 12-14 бастаушы және орта мектеп бар (елде барлығы 350 мектептің артық саны бар, 5млн адам тұрғындарының санында, онда 522 мың мектеп оқушысы білім алып жүр).

Кластер шеңберінде мектептер бір-бірімен жобаларға немесе мамандандыруын тереңдетуге арналған қосымша қаржыландыруды алу үшін жарысып отырады. Онымен бір уақытта жақын орналасқан мектептер спорттың құрылыстары, зертханаларды, күрделі оқу жабдығын ұтымды пайдаланудың өзіндік орталықтарын түзеді.

Кластердің суперинтенданты, әдетте оның директорлық тәжірибесі болады, мектептердің директорларын қадағалап, қаржыландыруды үйлестіріп отырады. Оған қарамастан, мектеп директорлары жеткілікті дәрежеде дербестікке ие, бұл әсіресе қызметінің нәтижесімен автономды мәртебесіне ие болған мектептерге қатысты. Ондай мектептің директорында кадрларды таңдауда, қарды қызметінде және білім беру үрдісін құруда қосымша құқықтар пайда болады [8].

Барлық мектептер Білім министрлігіне бағынған, мұғалімдер мемлекеттік қызметкерлер қатарында. Сингапурдағы Білім министрлігінің бюджеті Қорғаныс министрлігінен ауқымы бойынша екінші орында (5% ЖІӨ) және *дағдарыс кездерінде оны азайтпай, адами капиталды дамыту қажеттігімен түсіндіріп, керісінше арттырып* отырады. Министрлік мектептерді өзінің анағұрлым үздік нәтижелері бар салаларындағы мамандандыруын дамытуы үшін материалды (қаржылай) көтермелеп отырады. Мектеп өзінің тауашасын өз бетінше таңдап, оны дамытудың шынайылығын суперинтендант және министрлік алдында негіздейді. Бағдарламаны мақұлдаған соң, ол қосымша ресурстарды алып, осы кластерде таңдаған бағыт бойынша үздік

практикаларды дамыту орталығы болып шығады. Министрлік мамандандырылған мектептердің барлық кластерлер бойынша біртекті үйлестірілуін және әр кластерде түрлі мамандандырулардың болуын қадағалап отырады [9].

БАҚ мектептері бағытты таңдауы салдарынан, оның есептілік үлгілерінің ешбіреуі барлық мектептерге бірдей келе бермейді. Сондықтан әрбір мектеп өзінің меншікті мақсаттарын белгілеп, 9 функционалдық аймақ бойынша өзінің ілгері басуын бағалайды, олар: 5 «іске асыру мақсаттары», сонымен қатар академиялық үлгерім аясындағы төрт нәтиже. Әр алты жыл сайын Білім министрлігі мектептердің қызметін бағалау бойынша сырттай шолу жасайды. Шолулардың нәтижелерімен анықталғанындай, мектептер үшін таңдау еркіндігі мектептердің өзгерістерге жеткізуге қабілеттілігі, тиімділігі жоғары көшбасшыларын фокусты айқындалуына жетелейді.

Соңғы жылдары Сингапур бастауыш мектептегі ағынды оқытуды объектілі оқытуға алмастырды. Оған қоса, бұл жүйе оқушылар үшін орта мектеп деңгейінде және одан әрі қарай ағындар арасында көлденең қимыл үшін көбірек мүмкіндік тудырды. Сингапурдағы білім беру жүйесінің басқа бір ерекшелігі – үлгерімі төмен оқушыларға бөлінетін назар мен жұмсалатын ресурстар. Осындай көзқарастың нәтижелері әр түрлі оқушылардың білім деңгейін теңестіруге мүмкіндік береді.

Сингапурдағы мектеп алды білімі балаларда 3 жасынан басталып 3 жыл бойында жлғасады: бөбектер бақшасы, бірінші және екінші жылдар (K1 және K2). Бала-бақшалардың шеңберінде балаларды бір-бірімен қарым-қатынас құруға, ана тіліне, есептеуге үйретеді. Ана тілінен өзге (қытай, малай немесе тамиль) балалар ағылшын тілін меңгереді.

Барлық бала-бақшалары жеке меншік қолында, соның ішінде діни ұйымдар немесе жеке қорлардың басқаруында.

Сингапурлық балалар үшін бастауыш мектепте білім алу 6 жасынан басталып, 2 кезеңге бөлінген, олар: негізгі (1-сыныптан бастап 4-сыныпқа дейін) және бағдарлы (5 және 6-сыныптар). Бастауыш мектепте білім алу, әр оқушыдан түрлі шығындарды өтеу үшін 13 сингапурлық доллар көлемінде ақы алынуына қарамастан, барлығы үшін тегін және міндетті. Бастауыш мектептің негізгі кезеңіндегі бағдарламаға ағылшын тілін, ана тілін (қытай, малай, тамиль) және математиканы зерделеу, сонымен қатар, азаматтылық негіздері, сурет, музыка және дене мәдениеті сабақтарына қатысу енеді. 3-сыныптан бастап бағдарламаға жаратылыстану ғылымдары қосылады. Бастауыш мектептің негізгі сатысынан кейін (1-4 сыныптар) оқушыларға ағылшын тілін, ана тілін, математиканы және ғылымдарды зерделеу бастауыш мектептің 5-6 сыныптарында бастауыш курстан өткеніне қарап, ұсынылады. Ана тілін зерделеудің бастауыш сыныбын жоғары балдармен өткен оқушылар ана тілінің жоғары деңгейін зерделеуге құқылы.

Бастауыш мектепте оқуын аяқтауымен, оқушылар білім алудың келесі сатысына ауысу үшін қажетті Бастауыш Мектептің Бітіруші Емтихандарын (*PSLE*) тапсырады [10].

Англия

Балалар тек білімді ғана емес, өзінің өмір сүретін қоғамының ережелерін де жылдам, әрі қызығушылықпен қабылдайды. Өркениетті әлемде қабылданған базалық құндылықтарды неғұрлым ерте меңгерсе, оларға ол жерде бейімделу ісі соғырлым жеңіл тиеді. Англиядағы бастауыш мектепте білім алып жүрген уақытында балалар жаңа ортада өзінің адамы ретінде қабылдануы үшін, өзін-өзі қалай ұстап, қалай қатынасқа түсу керектігін түсінеді. Бағасы жетпес осындай дағдылар оларда өмір бойында сақталып қалады. Ұлыбританиядағы бастауыш білім дәстүрлі қазақстандық үлгісінен айтарлықтай ерекшеленеді. Барлығы баланың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған. Балалар командаларға бірігіп, бірлесіп жобаларды орындайды. Олар эксперимент жасайды, сынауларды өткізеді өзінің айқындамасын дәйектеп бекітеді және сындарлы диалог жүргізеді.

Нәтижесінде балалар оқулықтардағы тарауларды жаттап қана қоймай, құбылыстар мен заңдардың мәнін түсінеді. Мысалы, олар өз бетінше Пифагор кестесін түзеді. Одан басқа, оқуға деген осындай көзқарас бейімделу үрдісін жеңілдетеді: балалар үнемі құрдастарымен қатынаста болады, бұл дегеніміз, балалардың жылдам өзіне дос тауып, тілде тұрақты жаттығып отыратынын білдіреді.

Балалардың жетістіктерін бастауыш мектептерде бағалау (Англия мен Уэльс).

Міндетті мектеп жасындағы оқушыларды бағалауда заңмен белгіленген ресімдер Англия мен Уэльстің ұлттық білім беру бағдарламаларына және Солтүстік Ирландияның білім беру бағдарламасына қатысты. Бағалау ресімдері мұғалімдерге және оқушыларға көмек көрсетуге арналған:

- Түзуші элементтер мұғалімдерге оқушының оқуы қалай ілгері басу керектігі туралы шешім қабылдауға көмегін тигізеді. Элементтер мұғалімдерге және басқаларға олардың білімділік дамуына көмектесу үшін белгілі оқушыларды келесіде диагностикалық бағалаудың қажеттілігін анықтауға көмек көрсетеді. Бағалаудың бұл нұсқасы «оқу үшін бағалау» деп аталады.
- Қорытынды элементтер оқушылар жетістіктеріне және олардың білімдеріне, материалды түсінуіне дәллдерді ұсынады. Бағалаудың бұл нұсқасы «оқуды бағалау» деген аталыммен белгілі.
- Бағалаушы элементтер оқушылардың табыстары туралы ақпаратты ұлттық көлемде ұсынады, олар білім беру бағдарламасындағы келешектегі талпыныстардағы, ресурстардағы немесе өзгертулердегі қажеттіліктерді анықтауда қолданыла алады.
- Ақпаратты элементтер мұғалімдерге балалардың табыстары туралы олардың ата-аналарына және мектептің табыстары туралы мектептік басқару органдарына, МОВ және қоғамға хабарлап отыруға көмектеседі (ДОН, 1989 г.).

Бастауыш мектепті аяқтаған соң оқушыларға ешқандай сертификат берілмейді.

Англия мен Уэльстегі бағалау шарттары Солтүстік Ирландиядағы бағалау шарттарынан ерекше.

Англия мен Уэльс оқушыларын бағалау (1-кесте).

1-кесте – Жинақтау кестесі: Англия мен Уэльсте негізгі бағалау шарттары заңмен белгіленген

Бағалау	Англия	Уэльс
1	2	3
Мектепке түсуінде бағалау, 4/5 жасар оқушылар.	Заңмен белгіленген негізгі бағалау (тілдік дағдылар, математикалық дағдылар мен жеке және қоғамдық дағдылар) 1998 жылғы 1 қыркүйегінен 2002 жылғы 31 тамызына дейін міндетті болған және қазір мұғалімнің оқушыны заңнмен белгіленген бақылауына алмастырылған – білімнің негізгі сатысы.	1999 жылғы қыркүйектен заңмен белгіленген тілдік дағдыларды, математикалық дағдылар мен жеке және қоғамдық дағдыларды негізгі бағалау. Оқушы мектепке қатыса бастағанынан кейін алғашқы 7 аптада өтеді. Бағалаудың белгіленген жоспарларына қарсы мұғалімдерді бағалау.
Білімнің 1-сатысында бағалау, осы саты соңында балалар шамамен 7 жасқа жетеді	Ағылшын тілін, математиканы және ғылымды заңмен белгіленген бағалау құрамына енетіндері: • Оқылымды (ағылшын тілі), айтылымды (ағылшын тілі) түсінуі бойынша ұсынылған жазбаша тесттер және математика бойынша тесттер. Бұл тесттер ішкі және біршама сыртқы түрлерге жатады. • сыртқы түрлері оқылым (ағылшын тілі), емле (ағылшын тілі) және математика (ағылшын) бойынша сыныптағы тапсырмаларды ұсынады. • Мұғалімдердің ағылшын тілі, математика және ғылым бойынша жеткен мақсаттарын бағалау.	Ағылшын тілін, математиканы және ғылымды заңмен белгіленген бағалау құрамына енетіндері: • Мұғалімдер қол жеткізген мақсаттарды бағалау. • Уэльстік сөйлеу мектептерінде немесе сыныптарында оқушыларды мұғалімдер ағылшын тілі емес, уэльстік тіл бойынша қол жеткізген мақсаттар бойынша бағалайды.
Білімнің 2-сатысын бағалау, осы саты соңында оқушылар шамамен 11 жасқа жетеді.	Ағылшын тілін, математиканы және ғылымды заңмен белгіленген бағалау құрамына енетіндері: • ағылшын тілінен (барлығы 4 оқылым, емле және шығарма (қысқа және ұзын шығарма), айтылым) математикадан	Ағылшын тілін, математиканы және ғылымды заңмен белгіленген бағалау құрамына енетіндері: • ағылшын тілінен (барлығы: оқылым, емле және шығарма, айтылым), математикадан (барлығы 3 калькуляторсыз,

		1-кестенің жалғасы
1	2	3
	(барлығы 3 калькуляторсыз, калькулятормен, ойда шығару тесті) және ғылыми (2 тест) сырттан ұсынылған тесттер; мұғалімдердің білімнің 2-сатысында ағылшын тілінен, математикадан және ғылымнан қол жеткізген мақсаттарды бағалауы.	калькулятормен, ойда шығару тесті) және ғылыми (2 тест) сырттан ұсынылған тесттер; • мұғалімнің ағылшын тілінен, математикадан және ғылымнан қол жеткізген мақсаттарын бағалауы • уэльс тілді мектептерде және сыныптарда оқушылар тесттерді уэльс тілінде (жазбаша және ауызша) өтеді және олар уэльс тілі бойынша жеткен мақсаттарға сәйкес мұғаліммен бағаланады.

1998 жылғы қыркүйектен 2002 жылғы тамызға дейінгі аралықта Англия мектептерінің білім алушылары бастауыш мектептегі оқу үрдісінің басталғанындағы алғашқы 7 аптасында тілдерден, математикалық, тұлғалық және қоғамдық дағдыларын бағалаудан өтті. Мектептер білім министрлігімен ұсынылған критерийлерге сәйкес құрылып, қабылданған бағалаудың негізгі жоспарын қолданған. Бағалау бойынша негізгі жоспарлар бастауыш мектепке оқуға қабылданған кезінде әр білім алушының білімі, ұғынуы, жүріс-тұрысы мен дағдыларының деңгейлерін зерделеуге бағытталған болатын. Бұл қызметкерлерге балалардың қажеттіліктерін айтарлықтай қанағаттандыру үшін, алынған деректерге сәйкес мектеп бағдарламасын жоспарлауға мүмкіндік берді.

Англиядағы ұлттық білім беру бағдарламасының бір бөлігі ретінде негізгі сатыны формалды бекіткен «Білім туралы» Заңы, сонымен қатар, негізгі бағалауды негізгі сатының бейіні тұрғысында белгілі болып отырған ұлттық жоспарға алмастыруды ұсынды. Бұл өзгеріс өз күшіне 2002 жылғы қыркүйекте енді.

Англиядағы білімнің негізгі сатысы бала 3 жасқа жеткенінде басталып, мүмкін сыныптың соңына дейін, оқушы міндетті бастауыш білімнің 1-сыныбына ауыстырылғанына дейін жалғасады.

Негізгі сатының деңгейі білім алушыларды сыныпта оқуының тұтас кезеңінде бақылауға негізделіп, әр жылдың соңында толтырылады. Бағалау негізгі сатыда білім алудың 6 аясын қамтып, мұғалімнің білім алушыларды бақылауын жалғастыруына негізделеді.

Қазіргі уақытта бағалау жүйесінің де реформасы жоспарланып отырғанына қарамастан, Уэльстегі бағалау жүйесі заңды түрде бекітілген. Алғаш рет негізгі бағалау Уэльсте 1999 жылғы қыркүйекте «Білім туралы» Заңның ереже баптарында (негізгі бағалау, Уэльс) ұсынылған. Мектептер негізгі бағалаудың тағайындалған жоспарларын ұсынылатын жоспарлар парағынан іріктеп алып,

оқушылар мектепті 4/5 жасында бастауының алғашқы 7 аптасында бағаланды (ВКОПО, 1998). Мектептер балаларды бағалау нәтижелерін олардың ата-аналарымен бағалау жүргізіліп отырған семестр бойында өткізілетін кездесулерінде тақылауы керек еді. Оған қосымша, мектептер бағалау нәтижелерін МОВ-ға жіберуі тиіс, олар бұл ақпаратты бірінші қатарда ВКОПО-ға береді [11].

Мектеп алды (бала-бақшаға ұқсас) білімін аяқтаған соң, Ұлыбританияның балалары 5 жасында мектепке барады. Осы сәттен бастап міндетті білім басталады. Ол екі сатыдан құрылған: бастауыш (*Primary немесе Preparatory Education*) және орта білім (*Secondary Education*). *Preparatory School* балалары 11 жасына дейін оқиды. Бірінші жыл *Reception* (яғни, қабылдау дайындығы) деп аталады, екіншісі – 1 жыл болып саналады. Қазақстандық білім беру жүйесінен ерекше, ағылшын оқушыларының алғашқы жылы сынаққа алынбайды, оқу жылдарының есебі 6 жасынан ба сталып, бастауыш мектептің деңгейі 6-жылмен аяқталады.

Осы уақыт бойында балалар емтиханды екі рет тапсырады: екінші және алтыншы оқу жылдарында, сәйкесінше бұл түйінді (*Key Stage*) 1 және 2 кезеңдері. Тестілеу нәтижелері білім алушылар үлгерімінің бірыңғай ұлттық базасына енгізіледі.

4 жасында бастауыш мектепке оқуға түскенінде, оқушылар есеп жүргізумен, оқумен және жазумен тиянақты шұғылдана бастайды, бұл кезде үй тапсырмалары аптасына 1 рет беріледі. Міндетті түрде дене шынықтыру сабақтары өткізіледі, көптеген мектептерде аптасына 1 рет балалар бассейнге барады. Білім беруде басты назар білімдерді өз бетінше алу икемдеріне және оларды іс жүзінде қолдануға аударылады. Білім алушылар кітапханаларда және зертханаларда жаттығып, өз тапсырмаларын өздері есінде сақтауы тиіс. Білімдерді тексеру, әдеттегідей, жазбаша үлгіде – эссе мен жобалар түрінде өтеді. Бұл жағдайда мұғалім әдетте тек әлдебір мәселенің сұлбасын ғана белгілеп қояды, ал білім алушылар оның тақырыбын өздері тұжырымдап, материалды таңдайды.

Бастауыш мектептегі сабақтар ықыластық, ойын түрінде, барлығын бір жалпы деңгейге «тықпалаусыз» өтеді. Әр бала жеке, өзінің мүмкіндіктерінің деңгейіне сәйкес дамиды.

Бағалау жүйесі Ұлыбританияның мемлекеттік оқу жоспарының құрамдас бөлігі болып табылып, түбегейлі сатыларымен тікелей байланыста.

Оқушылармен алынған білімдері мен дағдылары верификациясының үш межесі бар:

• оқуға түскенінде (баланың 5 жасында арнайы білімділік қажеттіліктерін анықтау үшін алғашқы деңгейін айқындау),

• 1-сатының соңында (6-7 жасында) және

• 2-сатының соңында, бастауыш және орта білімнің 1, 2, 3 түйінді сатыларының соңына.

Бастауыш мектепте математикадан, ағылшын тілінен, жаратылыстану ғылымдарынан, ал білім беру валлий тілінде жүретін мектептерде – валлий тілінен тесттер ұсынылады.

1-сатыда ағылшын тілі тесттерінде тестілеуге түскен білім алушыдан ауызша сөзді қабылдау, оқылым мен айтылымды ұғыну; математикадан – қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындау талап етіледі.

2-сатыдағы тілдік тест оқу, сауатты жазу, шығарма құрастыру қабілеттері; математикадан – ойда, калькуляторсмен есептеу дағдылары мен математикалық ой өрістету деңгейін тексеру көзделеді.

Жаратылыстану ғылымдары бойынша тест ғылыми мәтінді ұғыну қабілетін қарастырады. 7 және 11 жасында өткізілетін мемлекеттік тесттер, сонымен қатар, мұғалімді және оның мемлекеттік білім беру стандартына және мектептің оқу жоспарына сәйкес қол жеткізген мақсаттарын бағалауды қарастырады. Жетуі міндетті мақсаттар мемлекеттік білім беру стандарттарында және оқу бағдарламаларында мұқият сипатталып, білім алушылардың білімдер мен дағдылардың белгіленген деңгейіне жетуін көздейді.

Пәндерді зерделеуде ілгері басуы сегіз деңгейлік шкаламен өлшенеді, бұл жағдайда мемлекеттік білім беру жоспары бастауыш мектептің соңына екіден бастап беске дейінгі аралықтағы үлгерім деңгейіне жетуді көздейді.

Әр сатының соңында мемлекеттік оқу жоспарының білімдер нормативтеріне оқушының барлығы сай келе бермейді. Статистика бойынша, оқушылардың шамамен 1/5 бастауыш мектептің соңында арнаулы білімділік бағдарламаларын қажетсінеді, олар жергілікті білім беруді басқару органдары үшін қосымша шығынды білдіреді.

4 түйінді сатысындағы қорытынды емтиханның бағалау жүйесі алдыңғыларына ұқсас және ол әріптерден құрылған: A – өте жақсы, B және C – жақсы, D және E – қанағаттанарлық. 4 түйінді кезеңі әдетте 16 жасқа жетуімен аяқталады, сондықтан, әдеттегідей, *GCSE* куәлігін алу міндетті білімді аяқтағанын білдіреді. Осыдан кейін және екі жыл бойында екі-үш, кейде төрт (мысалы заңгерлік факультетке оқуға түсуде) пәннен емтихандарды тапсыру және *GCSE* «жоғары деңгейдегі» (*GCSEA-level*) куәлікті алу үшін білімді жалғастыруға болады. Осы күні *GCSE* орта мектепті аяқтау кезінде 16 жасар мектеп оқушыларымен тапсырылатын негізгі емтихан болып табылады.

Емтихан әр пән бойынша тапсырылып, бірнеше бөліктен құрылған: курстық жұмыс, теориялық және практикалық тапсырмалар. Емтиханды тапсыру нәтижелерімен оқушы өз біліміне баға алады (A, B, C, D, E, F және G). G (ең кіші балл) бағасына жетпеген оқушылар аттестатталмаған деп саналып, сертификат алмайды. GCSE емтихандарының екі түрін ажыратады: *GCSE (external examination) және IGCSE (International GCSE* [12].

Ағылшын тәрбиесінің басты мақсаты – баланың күш-жігерін, кез-келген жағдайда өзін сабырлықпен ұстау, қиыншылықтарға төзбеу, кез-келген, ең күрделі деген жағдайлардан жол табу және әрине, ағылшын қоғамында көптеген ғасырлар бойында үйреншікті болғандай, барлық жағдайда нағыз мырзаның (джентльменнің) немесе нағыз ханымның (ледидің) мәнерлерін сақтау әдетін дамыту.

Бастауыш мектепті 11 жасында аяқтаған соң, оушылар орта (*Secondary*) мектепке немесе жоғары деп аталатын (*High School*) мектепке өтеді.

Мемлекеттік мектептердің басым көпшілігінде бастауыш мектеп 11 жасында, ал жеке мектептерде – 13 жасында аяқталады, бірақ жеке мектептер мемлекеттік мектептердегідей бағдарламамен жұмыс жасайды.

Оқу барысында білім алушылар, сонымен қатар, 3 және 4-кезеңдерде емтихан тапсырады. Дәтсүрлі британдық бағдарлама бойынша төртінші кезең *GCSE* деп те аталады, параллельді бағдарламалар бойынша оны *IGCSE, IBMYP* немесе американдық *High School Diploma* деп атайды. Бұл кезең мектеп бағдарламасында қорытынды болып табылып, оны мектептер 16 жасында аяқтайды.

Осылайша, Ұлыбритания білімінің барлық дегейлерінде критерийлер бойынша бағалау тәжірибесі қолданыста, бұл білім алушылардың жетістіктерін объективті бағалап қана қоймай, білім алушының өзімен де, мұғаліммен де оқуда және белгіленген мақсаттарға жетуде көмек көрсету үшін шешілуге жататын қиыншылықтарды көруге мүмкіндік береді [13].

1.3 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ мысалында критериалды бағалау жүйесін енгізудің отандық тәжірибесі

Әр уақытта білім мен білікті тексерудің әр түрлі жолдары жүзеге асырылады. Жылдан жылға бағаларды қоюдың тәсілдері, түрлері, бақылау-өлшем іс –шаралардың мазмұны мен оны өткізу құрылымы, оқушыларға әсер ету шаралары, уәж ету элементтері және де басқа факторлар өзгеріп отырады.

Көп уақыт аралығында бағалау оқушылардың жетістіктерін басқа оқушылармен салыстырудан тұрды және бұл тәсілдің келесі кемшіліктері бар:

- оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға түсінікті оқыту жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлері жоқ;
- мұғалімдер сыныптың орташа білімін ескеріп бағытталып бағаны қояды;
- қойылған бағалар оқушылардың пән бойынша оқу бағдарламаның әр бір бөлімдері бойынша алған білім, білік, икем мен дағдыларын айқындап көрсетпейді, яғни әрбір оқушының оқу траекториясын анықтауға мүмкіндік бермейді;
- қорытынды бағаны қою барысында ағымдағы бағалар ескеріледі, яғни оқытудың соңғы нәтижесін бағалау объективті боламайды;
- оқушылардың оқуға деген уәждемесін тудыратын мұғаліммен олардың арасында байланыс жоқ.

Бұл мәселелерді шешу үшін «Назарбаев зияткерлік мектептер» дербес білім беру ұйымы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін әзірлеп енгізіп отыр.

«НЗМ» ДББҰ-ның іс әрекетін ұйымдастыру 2011 жылғы 29 қарашада Қамқорлық кеңесінің шешімімен мақұлданған «НЗМ» ДБҰҰ 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады.

«НЗМ» ДББҰ іс әрекеттерінің стратегиялық бағытының бірі ең үздік отандық және халықарарық тәжірибе кіріктірілген білім берудің жаңа базмұнын әзірлеу болады.

Оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және шын бағалау жүйесі білім мазмұнының бір ажырамас бөлігі болып табылады.

«НЗМ» ДББҰ оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың тұтас жүйесін құрды. Ол отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына түсу кезінде жоғары бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін әрбір оқушыны конкурстық іріктеуден бастап мектепті бітіріп шыққанға дейін сүйемелдейді.

Зияткерлік мектептерінде оқу жетістіктерін бағалау қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау, жетістіктерді мониторингілеу жолдарымен критерийлік тәсіл негізінде жүзеге асырылады, ол оқушылар бастауыш, негізгі және жоғары мектептерді аяқтағаннан кейін жиынтық аттестаттау кезінде сырттай жиынтық бағалау жолымен оқу үдерісін бір жыл бойы және жылдар бойы қадағалауға мүмкіндік береді.

Зияткерлік мектептерде оқыту үдерісі Кіріктірілген оқыту бағдарламасы және Кембридж Университетінің сарапшыларымен бірлесіп жасалған пәндер бойынша оқыту бағдарламасының негізінде ұйымдастырылған. Сонымен қатар, келесі 21 ғасырдың дағдыларын дамытуға бағдарланған жаңа мазмұн: алған білімді қолдана білу, ақпаратты іздестіру, өңдеу, талдау және бағалай білу дағдылары, сын тұрғысынан ойлау, эксперименталдық, зерттеу, инфокоммуникациялық дағдылар, коммуникативтік (тілдікті қоса алғанда) дағдылар, жеке және топта жұмыс істей білу [14].

«НЗМ» ДББҰде қолданылатын критериалды бағалау оқу жыл бойында оқушылардың оқудағы прогресі және үлгерімі туралы деректерді жинау үшін үш түрін жүзеге асырылады. Олар қалыптастырушы бағалау, ішкі жиынтық бағалау, сыртқы жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау мен ішкі жиынтық бағалау мектептшілік бағалауды құрастырады және межелік және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау тоқсан бойы күнделікті сабақ беруде үнемі жүргізіледі және сабақтың бөлінбейтін бөлігі. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың білім деңгейін өлшеу үшін қолданылады және сабақты жоспарлауда көмек көрсетеді [15].

Оқушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижелері «жетті» (оқыту мақсаттары) немесе «ұмтылуда» айқындамалары түрінде тіркеледі. Әрбір сабақта баға қоймау нашар баға алудан қорқатын оқушылардың беймаза күй кешуін болдырмауға, оқудағы мақсаттарға қол жеткізуде деңгейінің өсуі үшін үнемі жұмыс жасауына, ал оқытушының оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сабақты жоспарлауды түзетуіне мүмкіндік береді.

Ішкі жиынтық бағалау – тоқсан ішіндегі оқыту ақпараты блогын зерделеуді аяқтаған кезде білімді, икемділікті және дағдыларды қолдану деңгейін айқындау және тоқсандағы, оқу жылындағы жиынтық бағаны айқындау үшін қолданылады.

Ішкі жиынтық бағалауды ұйымдастыру үшін «НЗМ» ДББҰ-ның Педагогикалық өлшемдер орталығының мамандары бағалау құралдарын, олар тапсырмалардың тестілік ерекшеліктері мен жиынтығын әзірлейді. Тестілік ерекшеліктер мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығына қызмет көрсету және оқушыларды дайындау үшін мектептерге алдын ала берілетін пәндер мен

сыныптар бөлінісінде жұмыстың құрылымымен тапсырмалар үлгілерінің сипаттамасын қамтиды. Ішкі жиынтық бағалау тапсырмалары оны өткізер алдында мектептерге жіберіледі.

Оқушылардың нормативтік және ішкі жиынтық бағалау үдерісінде оқыту мақсаттарына қол жеткізу нәтижелері 30:70 пайыздық арақатынаста тоқсандағы және оқу жылындағы қорытынды бағаларды айқындау үшін пайдаланылады.

Сыртқы жиынтық бағалау оқыту сатысындағы оқу ақпараты блогын зерделеуді аяқтау кезінде білімді, икемділікті және дағдыларды қолдану деңгейін айқындайды және оны бастауыш, негізгі және жоғарғы мектептерден кейін Тәуелсіз бағалау органы жүргізеді. Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері 30% (қалыптастырушы), 40% (ішкі жиынтық) және 30% (сыртқы жиынтық бағалау) пайыздық арақатынаста бір жылдағы қорытынды бағаны айқындау үшін қолданылады. Қорытынды бағадағы сыртқы жиынтық бағалау үлесі ұлғайып отырады және 2012-13 оқу жылы Кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша оқуды бастаған оқушылар мектепті бітірген кезде ол 100%-ға жетеді деп жоспарлап отыр.

Бағалау үшін нені болмасын ұсынылатын талаптарға сәйкес бағалау бойынша шешімдер қабылдау негіздері, қағидалар секілді критерийлер қолданылады. Критерийлер дескрипторлармен сипатталады, оларда (әрбір нақты жұмыс үшін) оқу тапсырмаларын орындау нәтижелері іс жүзінде қалай болуы керектігі туралы нақты түсінік беріледі, ал дескрипторға сәйкес бағалау – бұл оқушының осы мақсатқа жақындау деңгейін айқындайды.

Бағалау 4 критерий бойынша жүзеге асырылады.

Тілдік емес пәндер бойынша:

– «Білу және түсіну»;
– «Білімді қолдану»;
– «Анализ, синтез, зерттеу»;
– «Коммуникация».

Тілдік пәндер бойынша:

– «Оқылым»;
– «Тыңдалым»;
– «Айтылым»;
– «Жазылым».

Бір пәннен беретін педагогтар бір тақырыпты оқыту кезінде саны мен сапасы әртүрлі дескрипторларды қолданды, бұл сыныптар мен мектептер арасында қатарлас салыстыру жасауға мүмкіндік бермеді.

Сондықтан да, Кембридж университетінің Халықаралық емтихан Кеңесінің сарапшыларымен бірлесіп қалыптастырушы бағалау кезінде оқыту мақсатына қол жеткізетін «табыс критерийлері» деп аталатын критерийлерді әзірлеу мен стандарттауды жүзеге асырылды.

Табыс критерийі – бұл мұғалімдер мен оқушылардың оқыту мақсатына қол жеткізу дәлелдерін иеленулеріне мүмкіндік беретін нұсқаулар.

Сыртқы жиынтық бағалау үшін емтихан жұмыстары да бағалау критерийлерін – бағалау саласын қамтиды, соған сәйкес оқушының емтихан

жұмысын қаншалықты жақсы орындағаны талқыланады.

Емтихан жұмыстарындағы бағалау критерийлері балл шығару дескрипторлары мен сұлбасын қамтиды. Дескрипторларда - оқушыдан белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін күтілетін қызмет түрін қысқаша сипаттау, балл қою схемасы - нұсқаулық, әрбір сұрақ үшін балл саны мен балл беруді сипаттау нақты көрсетілген. Бағалау критерийлерін пайдалану емтихан жұмысының қандай мектепте орындалғанына қарамастан барлық оқушылардың жетістіктерін бағалаудың тәсілдерін стандарттауға мүмкіндік береді, бұл объективті және ашық бағалауға қол жеткізеді.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жүргізу кезінде мектеп мұғалімдері модерация үдерісін іске асырады – бұл бірыңғай стандартталған тәсілді жасау мақсатында бір пән және сынып бойынша оқушының нәтижелерін талқылау. Модерация курстық, практикалық жұмыстарды бағалау, сыртқы жиынтық бағалауда тілдік пәндер бойынша «сөйлеу» дағдысын бағалау нәтижелері кезінде пайдаланылады.

Оқушылардың қалыптастырушы және жиынтық бағалауларының нәтижелерін жинақтау үшін оқыту мақсатында қол жеткізілгенін дәлелдеу ретінде оқушының портфолиосы пайдаланылады. Оған оқушының жұмысы, оны бағалау критерийлері, өзін-өзі бағалау қорытындылары, мұғалімнің пікірлері ме ұсынымдары жапсырылады. Портфолио оқушының оқудағы жетістігі туралы ата-аналармен кері байланыс жасау үшін қолданылады.

2011 – 2012 оқу жылы Зияткерлік мектептерде критериалды бағалау жүйесін апробациядан өткізудің бірінші кезеңі өтті: физика математикалық бағыттағы 7 сыныптарда және химия биологиялық бағыттағы 8 сыныптарда.

2011 жылғы 16 тамыздағы №9 НЗМ ДБҰҰ Басқарма шешімімен келесі құжаттар әзірленіп бекітілді:

1. «Назарбаев зияткерлік мектептері оқушыларының жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізу тұжырымдамасы».

2. «2011/2012 оқу жылына Назарбаев Зияткерлік мектептерінің физика математикалық бағытындағы 7 сынып және химия биологиялық бағыттағы 8 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау ережесі».

Барлық мектептерде оқу жылының басында критериалды бағалау жүйесін апробациялау туралы бұйрықтар шығарылып, директор орынбасарын жауапты ретінде тағайындады [15].

Астана қ. Зияткерлік мектебінің барлық сыныптарында критериалды бағалауды апробациялау жүзгізілды, және жаңа бағалау жүйесінің барлық негізгі элементтері көрсетілген бағалау саясаты әзірленді. Астана қ. ФММде бірінші тоқсанда жүргізілген апробация қорытындысының нәтижесінде Педагогикалық кеңестің шешімімен 2 тоқсанна бастап 5 және 8 сыныптарда бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді.

Әрбір мектептің әдістемелік ұйым отырыстарында жиынтық бағалауды жүргізудің кестесі бекітілді.

Апробациялауды жүргізу барысында критериалды бағалау технологиясын жетілдіру бойынша келесі жұмыстар жүргізілді: халықаралық эксперттер кеңестер, семинарлар өткізді, өткізілген апробация қорытындылап, есептер

дайындады, жағымды жақтары мен туындаған қиыншылықтары талданды, жаңа оқу бағдарламаларында көрсетілген күтілетін нәтижелер, оқыту мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып бағалау критерийлері пысықталды, Бағалау тұжырымдамасы мен Ережесіне өзгерістер енгізілді.

2012 – 2013 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап Зияткерлік мектептерде критериалды бағалау жүйесін апрбациялаудың екінші кезеңі басталды (2-кесте). Апробацияның бірінші кезеңі нәтижесі негізінде нормативті құжаттарға, критерийлерге және бағалау шкаласына өзгерістер енгізіліп, жаңа құжатардың түрлері енгізілді, олар: потрфолио, модерация, оқушылардың жетістіктері туралы есеп.

Ішкі жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс топтары құрылды. Тәуелсіз халықаралық ұйыммен оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауы апробациядан өткізілді.

2013 – 2014 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап критериалды бағалау жүйесін енгізудің төртінш кезеңі басталды (2-кесте). Критериалды бағалау моделі оқыту 2012 жылғы Кіріктірілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылатын сыныптарда. 2012-2013 оқу жылында жүргізілген апробацияның қорытындысында нормативтік құжаттарға, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізілді.

Ішкі жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс топтары құрылды. 11 және 12 сыныптарда сыртқы жиынтық бағалау жүргізілді.

Төртінші кезең – 2014 – 2015 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап – критериалды бағалау жүйесін; сырттық жиынтық бағалау енгізу.

Беінші кезең – 2015 – 2016 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап критериалды бағалау жүйесін; сырттық жиынтық бағалау енгізу.

Әрбір кезеңнен кейін нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, критериалды бағалау технологиясын енгізу бойынша мұғалімдерге арналған әдістемлік нұсқаулықтар жетілдіріледу.

2-кесте – Критериалды бағалау жүйесін енгізу кезеңдері

Зияткерлік мектептер	2012-2013	2013-2014	2014-2015	2015-2016
1	2	3	4	5
Астана қ. ФМБ НЗМ	3 -11	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар
Көкшетау қ. ФМБ НЗМ	7, 8, 9, 11	1, 7, 8, 9, 11, 12	1, 2, 7, 8, 9, 11, 12	1, 2, 3, 7, 8, 9, 11, 12
Талдықорған қ. ФМБ НЗМ	6,7, 8, 9,11	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар
Семей қ. ФМБ НЗМ	7, 8, 9, 11	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар

2-кестенің жалғасы				
1	2	3	4	5
Өскемен қ. ХББ НЗМ	7, 8, 9, 11	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар
Ақтөбе, Шымкент қ. ФМБ НЗМ	-	7, 8, 11	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар
Уральск қ. ФМБ НЗМ	-	7, 8,11	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар
Павлодар қ. ХББ НЗМ	-	7, 8	7, 8, 9,11	7, 8, 9, 11,12
Қарағанды, Шымкент қ. ХББ НЗМ	-	7, 8, 11	Барлық сыныптар	Барлық сыныптар
Тараз, Қызылорда, Атырау қ. НЗМ	-	7, 8	7, 8, 9,11	7, 8, 9, 11,12
Алматы қ. ФМБ НЗМ	-	-	7, 8, 9,11	7, 8, 9, 11,12

«НЗМ» ДБҰҰ оқушыларының (2012 жылғы Кіріктірілген оқу бағдарламасы негізінде оқитын сыныптардағы) оқу жетістіктерін критериалды бағалау Ересежіне сәйкес қалыптастырушы, ішкі жиынтық және сыртқы жиынтық бағалауды жүзеге асырудың тәртібі бар және ол келесіні қамтиды:

– Қалыптастырушы бағалау түзету функциясын атқарады. Тоқсан мен жылдық бағаны қою кезінде қалыптастырушы бағалау ескеріледі.

– Қалыптастырушы бағалау кезінде оқу бағдарламасы мен жоспарға сәйкес табыс критерийі негізінде пән бойынша оқу мақсаттарды бағалау жүзеге асырылады.

– Оқушының оқу мақсатына жету нәтижесі «жетті», «талпынуда» деп бағаланады.

– Бір тоқсанда жеткен оқу мақсаттары қосылып қалыптастырушы бағалаудың балдарын санау кезінде ескеріледі.

– Тоқсандық бағаны есептеу кезінде қалыптастырушы бағалаудың балдары ескеріледі.

– Қалыптастырушы бағалаудың нәтижесі электрондық журналда тіркеледі.

– Дене шынықтыру пәні бойынша бағалау 1 және 7 сыныптарда критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі бойынша жүзеге асырылады. Қалған сыныптар дәстүрлі жүйеде бағаланады.

– Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру бойынша қалыптастырушы бағалау тапсырмалар мен нормативтер тапсыру арқылы жүзеге асырылады, ал негізгі және жоғары мектепте жобаның кезеңдерін орындау арқылы баға қойылады.

– «Педагогикалық өлшемдер орталығы» филиалы әдістемелік ұйымдардың басшыларымен бірлесіп ішкі жиынтық жұмыстарды және ұсынылатын формат, бағалау критерийлері, барлық параллель сыныптарға бірдей жиынтық жұмыстардың құрылымын қамтитын тестік спецификация негізінде балл қою сұлбасын әзірлейді.

– Ішкі жиынтық жұмыстардың кестесін Зияткерлік мектептер директоры бұйрығымен бекітіледі және оқу жылының бірінші аптасында әрбір оқушымен таныстырылады. Ішкі жиынтық жұмыстары бөліп өткізілген жағдайда кестеде жұмыстың соңғы бөлігі өткізілетін күні қойылады.

– Ішкі жиынтық жұмыстар әртүрлі болады (тестер, сынақтар, бақылау жұмыстары және т.б.).

– Ішкі жиынтық жұмыс бойынша баға Кіріктірілген білім беру бағдарламасының талаптарына сай критерийлер бойынша қойылады. Балл қою критерийлері қажет болған жағдайда танысуға болатындай қолжетімді (оқушыларға, мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне, ата аналарға және т.б.).

– Бір жылдың ішінде барлығы орындауға міндетті бір ішкі жиынтық жұмыс жүргізіледі. Ішкі жиынтық жұмыс бірнеше бөліктер тұру мүмкін және бірнеше сабақ орындауға болады, және қорытынды баға ірбңр бөлікті орындағанның нәтижесінен қалыптасады.

– Ішкі жиынтық жұмыстары көптеген критерийлер қолдану арқылы құрастырылады. Ішкі Жиынтық жұмыстың құрылымы, бағалау критерийі және форматын бейнелетін материалдармен оқушылар таныс болу керек.

– Бір параллель сыныптар үшін ішкі жиынтық жұмыстар бірдей шартта өткізіледу.

– Жиынтық жұмыстарды қайтадан орындау рұқсат етілмейді.

– Егер оқушы дәлелді себеппен өткен ішкі жиынтық жұмысына қатыспаса, онда оқушы шыққаннан кейін бір аптаның ішінде орындау қажет, және ішкі жиынтық жұмыстардың қосымша нұсқалары қолданылады.

– Бірінші сыныптың бірінші және екінші тоқсандарында ішкі жиынтық бағалау өткізілмейді.

– «Өнер» пәні бойынша ішкі жиынтық бағалау оқушыға кешенді тапсырма беру арқылы жүзеге асырылады, және тапсырманы оқушы тоқсанның соңында тапсырады.

– Бастауыш сыныптарда Дене шынықтыру пәні бойынша ішкі жиынтық бағалау оқушының портфолиосын бағалау арқылы жүзеге асырылады. Негізні және жоғарғы мектепте ішкі жиынтық бағалау жобаларды орындау арқылы жүзеге асырылады.

Назарбаев зияткерлік мектептерде тоқсандық баға мен жылдық бағаны қою үшін қалыптастырушы бағалау мен ішкі жиынтық бағалаудың нәтижелері қолданылады [16].

Тоқсандық баға қоюда қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың салмақ үлесі келесі пропорцияда берілген:

Қалыптастырушы бағалау	30%
Ішкі жиынтық бағалау	70%

Тоқсан бойындағы максималды балл саны – 60 балл.

Қалыптастырушы бағалау 30% құрайды, сәйкесінше қалыптастырушы бағалаудың максималды балы 18 балдан тұрады.

Ішкі жиынтық бағалау 70% құрайды, сәйкесінше ішкі жиынтық бағалаудың балы 42 балды құрайды.

Қалыптастырушы бағалау бойынша балдарды есептеу келесі формулаға сәйкес есептелінеді:

$$\text{Балдар} = \frac{\text{Жеткен оқу мақсатының саны} \times \mathbf{18}}{\text{Бағаланатын оқу мақсаттарының саны}}$$

Есепке бағаланған оқу мақсаттары ғана алынады. Жететін максималды балл саны 18 болуы мүмкін. Балдар саны бүтін емес сандар болуы да ықтимал.

Ішкі жиынтық бағалаудың нәтижелері балдарға келесі формула арқылы ауыстырылады:

$$\text{Балдар} = \frac{\text{Ішкі жиынтық бағалау бойынша балл} \times \mathbf{42}}{\text{Ішкі жиынтық бағалау бойынша мүмкіндік максималды балл}}$$

Жететін мүмкін максималды балл саны 42. Балдар саны бүтін емес болуы ықтимал.

Екі бағалаудың түрі бойынша алынған балдар қосылып, бүтін санға дейін қысқартылады.

Жалпы балл саны A*- U бағаларына және 5-балдық шкаласы негізінде ауыстырылады (3-кесте):

3-кесте – Жалпы балл саны A*- U бағаларына және 5-балдық шкалаға ауысуы

Жалпы балл саны	**Тоқсандық баға**	**Тоқсандық баға**
54-60	A*	5
48-53	A	
42-47	B	4
36-41	C	
30-35	D	3
24-29	E	
0-23	U (аттестатталмаған)	2

Критериалды бағалауды қолдану оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастыруға, оқушыларға дер кезінде қолдау көрсетуге және сол оқыту үдерісін қамтамасыз етуге, оқу бағдарламасының сапасын бағалауға, барлық мүдделі тараптарға оқыту нәтижелері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Кембридж университетінің Халықаралық емтихан Кеңесінің 2014 жылғы қаңтарда Зияткерлік мектебі оқушылармен жүргізген он-лайн сауалнамасы жалпы алғанда оқушылардың бағалау критерийлері жүйесін дұрыс

қабылдайтындарын көрсетті [17].

Мәселен:

• барлық оқушылардың 90,5% критериалды бағалауды енгізу сабақты оқытуды өзгерткенін атап өтті;

• қазақша оқитын оқушылардың 54% және орысша оқитын оқушылардың 73,3% өзін оқыту туралы ақпаратты көптеп алатын болды;

• қазақша оқитын оқушылардың 88,9% және орысша оқитын оқушылардың 85,9% сабақта ненің жақсы жүретінін және нені пысықтау керектігін біледі;

• қазақша оқитын оқушылардың 67,5% және орысша оқитын оқушылардың 62,5% бағалаудың жаңа жүйесінде өзін еркін сезінеді, бұл оларға ұнайды [17].

Сонымен, Зияткерлік мектептерінің критериалды бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу жөніндегі тәжірибесі Қазақстан Республикасында жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту кезінде қолданылатын болады.

1.4 Бастауыш мектепте оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың критериалды жүйесін енгізудің әдіснамалық негіздері

Бағалау жүйесі оқыту мәселелері диагностикасының негізгі құралы мен кері байланысты жүзеге асыру, сонымен қатар толығымен білім үдерісінің негізіне салынған ең анық қағидаларды өзіне тарту болып табылады.

Білім берудің жаңа стандарттарын әзірлеу оқушылардың оқу жетістігін бағалау жүйесімен байланысты ғылыми және әдіснамалық мәселелерді анықтады. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалаудың маңызды құралдарының бірі болып табылып, білім беру үдерісін одан әрі жетілдіру үшін обьективті және тиімді болу керек.

Бағалауға критериалды-бағдарланған тәсілдер негізінде білім алушылардың білім беру нәтижелерін бақылау жүйесі мен сапасын бағалау өзекті болып табылады.

Критериалды-бағдарланған тәсілдерді қолдану білім алушылардың оқу жетістігін бағалаудың обьективтілігі мен қолжетімділігі деңгейін едәуір көтереді.Заманауи мектепте білім алушылардың білім беру қызметін бағалауға критериалды тәсілдер қажет, осындай тәсілдер кері байланысты жүзеге асыруға көмектеседі, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына өлшенетін критерилер және оқыту нәтижесін көруге мүмкіндік береді.

Бағалау жүйесінің маңызды сипаты, ол тек ғана бағалауды қою кезінде ғана қолданылмайды, толығымен мұғалімдер, білім алушылар және ата-аналар арасындағы білім беру үдерісінің жетістігі себептері бойынша бақылау-диагностикалық байланысты жүзеге асырады.

Білім беру жетістігін бағалау кезінде бағалау жүйесі осындай балалардың оқу жетістігін обьективті көрсетіп ғана қоймау керек және білім алушылардың білім беру үдерісін одан әрі қолдау үшін негіз болу керек.

Бағалау жүйесі оқыту жетістігін өлшеу мен оқыту мәселелері диагностикасы болып табылады, оқытудың стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешім қабылдау, күтілетін нәтижелерді бағалау түрі мен

білім мазмұнын жетілдіру ретінде білім беру үдерісі сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Білім беру жетістіктерін бағалау кезінде алынған нәтижелер арақатысы мен оқыту кезіндегі жоспарланған мақсаттарға жетудің маңызы зор.Бағалау жүйесін жетілдіру қажеттігі критериалды бағалау жүйесіне қатысты көпфункционалды жүйені құруға ықпал етеді.

Бағалау жүйесінің бірнеше қызметін бөліп көрсетуге болады:

Нормативтік қызмет бекітілген мемлекеттік стандартқа қатысты білім алушылардың жетістігін тіркейді және жекелеген оқушылардың үлгерімін, мектеп сыныптарының, олардың дайындық деңгейі мен мұғалім жұмысының сапасын қадағалайды.

Ақпараттық-диагностикалық қызмет білім алушылардың мазмұнды және эмоциялық рефлексиясын, соның ішінде ерекше қажеттіліктерін, барлық білім беру үдерісі қатысушыларының арасындағы мазмұнды байланысты қамтамасыз етеді.Бағалау жүйесі білім беру үдерісінде нақты сыныпта, нақты бала үшін барлығы дұрыс екендігін көруге мүмкіндік береді.

Бағалау жүйесі сол немесе басқа да материалдың қаншалықты жетістікпен игерілетіндігін, білім алушыларда сол немесе басқа да практикалық дағдының қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай мүмкіндік білім алушылардың жеткен деңгейін салыстыруда бақылау өлшемдері белгілі бір минимумымен, оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптармен әрбір білім алушылар үшін маңызды.

Сонымен қатар міндетті минимумды есептеу нүктесі үшін алу лайықты, осындай балалар үшін нақты анықталған болу керек.

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау жүйесі білім алушылардың жалпы дайындық деңгейінің өзгерістері ретінде тіркеу керек, сондай ақ танымдық қызметтің түрлі салаларындағы оның жетістіктері динамикасы (ақпаратты игеру, ақпаратты өңдеу, шығармашылық және жобалық қызмет, ойды жеткізе білу және т.б.) білім беру үдерісіндегі бар мәселелер мен оқу жетістігіне шынайы сипаттама алуға мүмкіндік береді.

Бағалау жүйесі мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар, сынып жетекшілері, сонымен қатар білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымдары арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз ету керек, ол білім беру үдерісін қалыптастыруда жүйелі тәсілді қамтамасыз ете алады, яғни оның тұтастығын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістігін бағалау кезінде білім алушылардың психикасына байқап қарау, оған нұсқан келтіретін жағдаяттардан қашып, баланың психологиялық даму ерекшеліктерін ескеру керек.

Жоғарыда көрсетілген бағалау жүйесінің тәсілдері білім беру үдерісінің барлық қатысушылары бағалау жүйесіне құрал ретінде қарауды, жетістікпен білім алу үшін, кері байланысты жүзеге асыру үшін қажет екендігін түсінуді қамтамасыз ету керек.

Аталған ережелер бағалау жүйесінің негіздерін қалыптастыру керек және оның қызмет ету жалпы аясына бағыт береді, бір уақытта жетістік критерилеріне және әрбір нақты білім жүйесін толыққандылығына қызмет етеді.

Критериалды бағалау жүйесінің әдіснамалық негіздері В.П. Беспальконың критериалды-бағдарланған технологиясы болып табылады [18].

Оның критериалды бағалау теориясының негізгі ережелері оқыту шарттары параметрлері әр қашанда дәстүрлі білім беру үдерісіне тіркеліп негізделеді (барлық уақыт үшін бірдей, ақпаратты беру әдістері және т.б.), тіркелмегені оқыту нәтижесі болып қалады.

Американдық психолгтар Дж. Керолла мен Б. Блум [19] әзірлеген ережелерді негізге алып, тұрақты, тіркелген параметрлер есебінде оқыту нәтижесін алып қарауға болады, В. П. Беспалько бағалау жүйесін әзірлеуге тәсілдерді өзгертуге тырысты. Бұл жағдайда американдық психологтар теориясына сәйкес, оқытудың басқа шарттарының параметрлері барлық білім алушылардың берілген критери-нәтижесіне жету үшін басқа оқу шарттарының параметрлері өзгеріп тұрады.Осындай тәсіл негізінде критериалды-бағдарланған оқытудың технологиясы әзірленді, сондай ақ толық игеру технологиясы деп атайды, білім алушылардың барлығы қажетті оқу материалын игеруге қабілетті оның шығу сәті бекіту болып табылады.

Бұл үшін білім беру стандарттарына сәйкес, белгіленген игеру критерилерін әзірлеу қажет. Барлық мектеп пәндері бойынша ұсынылған стандарттар, нақты игеру критерилерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Оқытудың критериалды-бағдарланған технологиясының тиімділігі білім алушыларға көмектесудің алуан түрі, бақылау түрі, тапсырмалардың түрленуі әрбір оқушыға оны игерусіз одан әрі тұлғаның толық оқуы мен дамуы мүмкін емес белгіленген міндетті критерилер деңгейіне жетуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесі келесідей элементерді қосады:

1. Тақырыптарды игерудің критерилері толық анықталады (сабақтар), оқытудың нақты нәтижелері тізбесінде көрсетіледі (білім беру бағдарламалары аясында игерудің белгілі деңгейімен оқыту мақсаттары);

2. Тексеру жұмыстары әзірленуде – тест, негізгі мақсаты түзету оқу тәртібінің қажеттілігін анықтаудан тұрады;

3. Оқу материалдары жекелеген фрагменттерге бөлінеді (оқу бірліктері), нәтижелері анықталады (критерилер), сондай ақ оларды оқу барысында жету керек және ағымдағы тексеру жұмыстары құрастырылады, әрбір оқу бірлігі оқу мақсатына жетуге көз жеткізуге мүмкіндік береді;

4. Оқыту тапсырмалары құрастырылады, оқытудың сәйкес әдістері таңдалады;

5. Әрбір тест тапсырмаларынан балама түзету материалдары әзірленеді.

Критериалды бағалау критерилерге негізделген, яғни бағалауды құрайды (критерилерден), олардың оқу-танымдық құзыреттілігін түрлі дамыту бағыттары бойынша жетістіктері көрініс табады.

Критериалды бағалау- бұл тәсіл оның аясында бағалау мен өзіндік бағалаудың алуан әдістері мен түрлері қолданылады.

Критериалды бағалау кезінде:

- оқушы өз оқуының нәтижесінде нағыз субьектіге айналады;
- оқушының мектептегі мазасыздығы төмендейді;
- мұғалім рөлінен «соңғы инстанциядағы сот» кеңес беруші, маман, тьютор

рөліне көшеді.

Осындай сипатта критериалды бағалау өзіне оқушылар мен мұғалімдердің денсаулығын сақтау әлеуетін алады.

Критериалды бағалау мұғалімдер үшін бірқатар қағидалы нұсқауларды ұсынады:

1. Баға көмегімен оқушының тұлғасы емес жұмысы ғана бағаланады;

2. Оқушының жұмысы басқа оқушының жұмысымен емес үлгісімен тікелей салыстырылады (өте жақсы орындалған жұмыс бейнесімен);

3. Нақты тапсырмалардың әр түрлері қолданылады және дұрыс орындалған тапсырмалардың түрлері нақты және анық сипатталады;

4. Үлгі оқушыларға алдын -ала беріледі;

5. Баға қоюдың нақты алгоритмі әзірлену керек, ол бойынша оқушы өзі өзінің жеткен деңгейі мен өз бағасын анықтай алады. Өзіндік бағалау оқушы рефлексиясы оның жұмысын тұспалдайды.

6. Бағалау үрдісіне оқушыларды енгізу, өзіндік бағалауға өтуге ұмтылу;

7. Нені оқығаныңды бағалауға болады, сондықтан да бағалау критерилері – нақты оқу мақсаттарына жету;

8. Пән бойынша жалпы оқу мақсаттары оқу пәні бойынша оқу жетістігін бағалау критерилері болып табылады және оқушылардың жекелеген жұмыстарын анықтау, нәтижелерін қортындылауға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін, білім беру мазмұны мен мақсаттарына сәйкес оқу үдерісіне қатысушыларға танымал, ұжыммен жасалған нақты белгіленген оқушылардың оқу жетістігін салыстыруға негізделген үдеріс ретінде түсіндіріледі.

Бүгінгі күні білім алушылардың жетістіктерін критерийлермен бағалауға екі басым көзқарас белгіленді. Критерийлік көзқарасқа бірінші көзқарас оқу үрлісінің типологиясына және бағалардың сәйкес шкаласының ара-қатынасына негізделген. Осылайша, жағдай түрлерінің әрбіреуінің ішінде оқушы «1»-ден бастап «5»-ке дейінгі бағаларды алуы мүмкін. Бұл жағдайда тапсырмалардың күрделілігі бойынша кезектестігі қамтамасыз етіледі. Онымен бір уақытта бұл көзқарас білімдерді сынып-сабақ жүйесінің жағдайларында қолданып отырғаны кезеңінде шектеледі, «білімнің өмірге шығуы» жүйелігін қамтамасыз етпейді, бұл функционалдық сауаттылығының толық көлемінде қалыптаспайды.

Критерийлік бағалауға екінші көзқарас білімді өңдеу – ұғынуды-қолданысты-жүйелендіру мен жинақтау деңгейлеріне және оларға сәйкес бағалау шкаласына негізделген. Ең алдымен білім алушылардың икемдерін қадағалайтын осындай бағалаудың нәтижелері олардың функционалдық сауаттылығына қол жеткізу қырынан толықтыруды талап етеді. Нақты көзқарас білімдегі күтілетін нәтижелерге жетудегі және оларды бағалаудағы қажеттіліктерді толық қамтымайды.

Критерийлік бағалау білім алушылардың жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкестікте іске асырылады.

Критерийлік бағалау жүйесі білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін, олардың шығармашылық және зерттеушілік аясын, оқудағы

дербестігін және ақпарат ағынында бағдарлануын қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасау мақсаттарын анықтайды.

1.5 Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін бастауыш мектептке енгізудің оқу-әдістемелік негіздері

2015 жылғы 25 сәуірде бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартында Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалатыны көрсетіледі.

Аталмыш құжатта бастауыш білімнің мақсаты бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;

2) сын тұрғысынан ойлау;

3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;

5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;

6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

Бастауыш білім берудің базалық мазмұны мынадай бағдарларды ескере отырып айқындалады:

1) заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;

2) сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;

3) оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;

4) оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету [20].

Осыған сәйкес, құзыреттілік тәсілдемеге негізделген бағалау технологиясын таңдауға келгенде, оқушылардың жеке дара қасиеттері мен вариативті білім алу кеңістігін дамытуды жүзеге асыруды ескерген жөн. Вариативті білім беру кеңістігі қазіргі технологиялар мен жеке оқыту траекторияларын қамтиды. Вариативтілік бұл жерде білімнің жекеленуіне және қолжетімділігіне, мақсатты жүзеге асырып және мазмұнды (мемлекеттік стандарттар аясында), қызметтердің тәсілдері мен әдістерін таңдау бойынша, оның қатысушыларының өзара жұмыс істеуіне негізделген оқыту процесінің икемділігіне бағытталған [21].

Қазіргі мектепте басым мақсат: қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасқа түсуге, өз бетімен білім алып, өзін өзі дамытуға дайын тұлғаны дамыту. Өз бетінше оқуға қол жеткізу үшін баланың өз бетінше бақылау-бағалаушылық қабілетінің болуы маңызды [22]. Яғни оның өзінің қызметін бақылауға және бағалауға дайындығы мен қабілеті, пайда болған

қиындықтардың себебін анықтауы мен жоя алуы.

Бүгінгі бағалау жүйесі білім берудің оқыту парадигмасының аясында әзірленіп, білім беру процесін емес білім алу процесінің нәтижесін көрсетеді. Бұл өз кезегінде қазіргі құзыреттілік тәсілдің талаптарына сай келмейді [23].

Зияткерлік мектептерде оқыту үдерісі Кіріктірілген оқыту бағдарламасы және Кембридж университетінің срапшыларымен бірлесіп жасалған пәндер бойынша оқыту бағдарламасының негізінде ұйымдастырылған. Білім берудің жаңа мазмұнын тиімді енгізу шарттарының бірі деп кезінде педагогикалық қолдау көрсету үшін әрбір оқушының оқудағы жетістіктері туралы ақпарат беретін оқушылардың дағдыларны дамыту деңгейін барабар бағалай алатын бағалау жүйесінің болуы болып табылады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Білім беру сапасын бағалау департаменті 2010 жылдан оқушылардың оқудағы жетістіктерін әзірлейді, жетілдіреді және сын тұрғысынан бағалайды. Бағалау үшін нені болмасын ұсынылатын талаптарға сәйкес бағалау бойынша шешімдер қабылдау негіздері, қағидалар секілді критерийлер қолданылады. Критерийлер дискрипторлармен сипатталады, оларда (әрбір нақты жұмыс үшін) оқу тапсырмаларын орындау нәтижелері іс жүзінде қалай болу керектігі туралы нақты түсінік беріледі, ал дискрипторға сәйкес бағалау – бұл оқушының осы мақсатқа жақындау деңгейін айқындайды [24].

Бағалау 4 өлшем бойынша жүзеге асырылады. Тілдік емес пәндер бойынша «Білім және түсіну», «Білімді қолдану», «Талдау, синтез, зерттеу», «Коммуникация», өлшемдері қолданылады. Тілдік пәндер бойынша «Оқу», «Аудиттеу», «Сөйлеу», «Хат» өлшемдері қолданылады. Кембридж университетінің Халықаралық емтихан Кеңесінің сарапшыларымен бірлесе отырып формативті бағалау кезінде оқыту мақсатына қол жеткізетін «табыс критерийлері» деп аталатын критерийлерді әзірлеу мен стандарттау басталды. Табыс критерийлері- бұл мұғалімдер мен оқушылардың оқыту мақсатына қол жеткізу дәлелдерін иеленулеріне мүмкіндік беретін нұсқаулар. Оқыту мен бағалау және оқыту мақсатына қол жеткізудегі табыс критерийлері мен оны бағалау бойынша мұғалім үшін ұсынылатын қызметті қоса алғанда сынаптар мен пәндер бөлінісінде бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар дайындалды [24].

Сыртқы жиытық бағалау үшін емтихан жұмыстары да бағалау критерийлерін – бағалау саласын қамтиды, соған сәйкес оқушының емтихан жұмысын қаншалықты жақсы орындағанаы талқыланады. Емтихан жұмыстарындағы бағалау критерийлері балл шығару дискрипторлары мен схемасын қамтиды. Дискрипторларда – оқушыдан белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін күтілетін қызмет түрін қысқаша сипаттау, балл қою схемасы – нүсқаулық, әрбір сұрақ үшін балл саны мен балл беруді сипаттау нақты көрсетілген. Бағалау критерийлерін пайдалану емтихан жұмысының қандай мектепте орындалғанына қарамастан барлық оқушылардың жетістіктерін бағалаудың тәсілдерін стандарттауға мүмкіндік береді, бұл объективті және ашықө бағалауға қол жеткізеді. Формативті және жиынтық бағалауды жүргізу кезінде мектеп мұғалімдері модерация үдерісін жүргізеді – бұл бірыңғай

стандартталған тәсілді жасау мақсатында бір пән және сынып бойынша оқушының нәтижелерін талқылау. Модерация курстық, практикалық жұмыстарды бағалау, сыртқы жиынтық бағалауды тілдік пәндер бойынша «сөйлеу» дағдысын бағалау нәтижелері кезінде пайдаланылады [24]. Осылайша, критериалды бағалауды қолдану оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға, оқушыларға заманауи қолдау көрсетіп және оқытудағы алға жылжуды қамтамасыз етеуге, оқу бағдарламасының сапасын бағалауға, оқыту нәтижелері бойынша ақпаратты қажетті тараптарға тапсыруға мүмкіндік береді. Мұндай бағалау жүйесі ең бірінші, балаларды тиімді оқуға уәждеу, оқытудағы кемшіліктерді анықтауға және оның өсуін бақылауға бағытталған. Әзірленген крнитериалды бағалау моделі өз алдына пәнді оқытудың мақсаттары мен міңндеттерін, олардың жетістік ьдепңгейлерінің критерийлері мен сипаттамасын, критериә бойынша қойлыған баллды 5 баллдық дәстүрлі бағаға аудару шәкілін қамтиды.

Бастауыш білім стандартының негізгі қызметтерінің бірі бағалаудың шынайылығын арттыру. Бұл қызметті жүзеге асыру бағалауға критериалды-бағытталған тәсіл негізінде қазіргі оқыту нәтижелерінің сапасын бақылау және бағалау жүйесін түбегейлі өзгерту мүмкіндігімен, шынайы өлшеу жүйелерін және оқытуды ұйымдастыру қызметінің тиімді жағын, жалпы білім жүйесін тиімді қолданумен байланысты.

Бағалауға критериалды-бағытталған тәсіл қолдану жаңа стандарт талптарында жетістікті бағалаудың шынайылығы мен анықтылығы деңгейін жоғарылатады.

Қазіргі кезде ел мектептерінде оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау қолданысқа ие, себебі бұл тәсіл барлық процеске қатысушыларға оқу материалының игерілу деңгейін түсініп, кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Кері байланыс қаншалықты мазмұны терең болса, соншалықты оған әсері сындарлы бола түспек.

Оқу жылы бойында бастауыш мектеп оқушыларының оқудағы прогресі және үлгерімі туралы деректерді жинау үшін бағалаудың екі түрі жүргізіледі: қалыптастырушы бағалау (ҚБ) және ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ). Қалыптастырушы бағалау мен ішкі жиынтық бағалау мектепішілік бағалауды құрайды [25].

Қалыптастырушы бағалау тоқсан бойы күнделікті сабақ беруде үнемі жүргізіледі және сабақтың бөлінбейтін бөлігі. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың білім деңгейін өлшеу үшін қолданады және сабақты жоспарлауда көмек көрсетеді.

Қалыптастырушы бағалау мен ішкі жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады, бірақ бағалау жолдары пәндер және мазмұнынға байланысты өзгеріп отырады.

Оқушылардың оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуі оқушылардың дағдыларының дамуына мүмкіндік тудырады.

Дағдыларды нақты бағалау біліктілігі критериалды бағалаудың маңызды аспектісі. Берілген 4-кестеде оқу бағдарламасына енгізілген, қалыптастырушы және ішкі жиынтықтық бағалауда дағдылырдың қалыптасқанын немесе даму

деңгейінің бағалауы көрсетілген [25].

4-кесте – Оқушылардың дағдысын қалыптастыру

Дағдылар	**Сипаттамасы**
1	2
Білу	Нақты деректерді, ақпараттарды білу және еске түсіру және оларды баяндау.
Түсіну	Ақпараттарды түсіну арқылы дұрыс жеткізу, болжау немесе түсіндіре білу.
Қолдану	Алған білімдері мен ақпараттарды таныс немесе таныс емес жағдайларда, контексте қолдану.
Сыни ойлау	Ақпарат пен идеялардың маңыздылығы мен сенімділігі туралы шешім қабылдау немесе әр түрлі көзқараста болу.
Анализ	Жалпы ереженің негізін дәлелдеу үшін және/немесе ой қорытындысының әр түрлі шешімдерін ойлауда ақпараттарды жинақтап тұжырымдарды бөлікке бөлуі және сол бөліктердің өзара сәйкестігін анықтай білу.
Синтез	Алған білімдерін әр түрлі жаңа контексте құрастыра білу.
Коммуникация	Басқа адамдардың қызығушылығын және көзқарастарын өз қызығушылығымен және көзқарасымен сәйкестендіріп және негіздеп қабылдау, адамдармен қарым-қатынаста болу және келісу қабілеттілігі.
Тыңдалым арқылы коммуникация	Оқу бағдарламасы шеңберінде әр түрлі тақырыпта ауызша сөйлеудің негізгі мазмұнын түсіну және одан өзекті ақпаратты бөлу; сөйлеген адамның пікірін айырып тану, контекст бойынша сөздердің мағынасын анықтау; оқушының деңгейіне сәйкес келетін әр түрлі стратегияны пайдаланып, әр түрлі типтегі мәтіндердің мазмұнын түсіну және қабылдау; естігеннің негізгі мазмұнын, мәтін бөліктерін таныс сөздерге, фразаларға және естігені арқылы түсіну, нақты/керекті ақпаратты таңдау және түсіну;
Оқылым арқылы коммуникация	Оқу бағдарламасы шеңберінде әр түрлі ғылыми және әдеби мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және олардағы өзекті мәселелерді бөлу, ақпарат іздеудің әр түрлі стратегиясын қолдану, контекст бойынша сөздердің мағынасын анықтау, автордың пікірі мен көз-қарасын тану, оқығанды түсіну тереңдігін және сөз мағынасын тексеру үшін әр түрлі сандық және қағаз түпнұсқасын қолдану.

4-кестенің жалғасы	
1	2
Жазылым	Оқу бағдарламасы шеңберінде әр түрлі мәтіндегі жазбаша жұмыстарды түзету және редакциялау, жазу, жоспарлау; нағыз және ойдан шығарылған оқиғалар туралы жазу біліктілігі; орфографиялық және грамматикалық қателерсіз жеткілікті сауатты жазу; қажетті стильді ұстау; әр түрлі байланыстырушы сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді абзацқа байланыстыру.
Айтылым	Оқу бағдарламасы шеңберінде әр түрлі мәтіндегі әңгімелеуде ауызекі және ресми стильді пайдалану; қажетті ақпаратты алу үшін күрделі сұрақтарды қоя білу біліктілігі; күтпеген сұрақтарға жауап қайтару; тапсырма орындау барысында өз құрбыларымен қарым-қатынаста болу; лексикалық ерекшеліктерді сауатты пайдалану; оқиға және оның жүйесін мазмұндау.
Шығармашылық	Өзіндік тәсілдерді немесе әр түрлі жолдарды қолданып, мәселені шешуді іздеу және жаңа идеяны дайындау.
Зерттеу	Зерттеу мақсатына сәйкес деректер және ақпараттарды жинау жолдарын дайындау.
Техника және тәсілдер	Өзара жоспарлауды, орындауды және бағалауды қоса пән бойынша практикалық біліктілікті, оларға сәйкес рәсімдерді мен технологияны көрсету. Әр түрлі іс-әрекетке қатысу үшін негізгі техникалық тәсілдер мен моторикалық дағдыларды көрсету; топта және жеке жұмыс жасау жағдайында стратегия туралы өз ойын көрсету; рухани дамуды және физикалық дайындықты жоғарылату үшін тиімді әр түрлі әдістерді қолдану.
Рефлексия	Іс-әрекет жасауда шешім қабылдау және тұжырымды қалыптастыру, пікірлер, ойлар және оқиғалар туралы ой пікір ұсыну.
Сандық ойлаудың математикалық қабілеті	Санды қолдануды, есепті шығаруды, график, кесте және кең диапазондағы математикалық ұғымды, контексті және күнделікті жағдайда көрсетуді түсіну.

Қалыптастырушы бағалау сабақ берудің және оқытудың бөлінбейтін бөлігі болып табылады, ол жеке қосымша тапсырма немесе тест ретінде қаралмайды [25].

Критериалды бағалауда мақсаттарды анықтау технологиясы оқушылардың әрекетінде көрінетін, анықталатын оқу нәтижесі арқылы мақсаттарды құруды талап етеді. Аталмыш тәсіл өзінің жоғары қолданыстылығымен ерекшеленеді.

Әрекеттегі оқу мақсатының нақтылығы оқушылардан күтілетін белгілі бір әрекеттерді санамалауды талап етеді. Сонымен мақсат: «Ауа райы картасында белгілерді қолдана алу», келесідей түрде нақтылануы мүмкін: а) картада пайдаланылатын белгілерді ес арқылы жаңғырту; б) оларды тану; в) олардың көмегі арқылы картаны оқу; г) карта арқылы ауа райын болжау.

Былайша мақсатты нақтылау оқыту нәтижесі туралы жалпылама көріністен нақты өлшемдерге, оқушылардың табысқа жету критерийлеріне көшуге мүмкіндік туғызады.

Пәннің мақсатын нақтылау технологиясын суреттеу оқушылардың игеретін білім, білік, дағды, шығармашылық қызмет тәжірибесінің дамуы деңгейлерінсіз толық емес болар еді.

Игерудің үш деңгейін атап көрсетуге болады.

1-ші деңгей – танысу, ажырату. Бұл танымдық қызметі. Оқушы бұрын алған нысан, процесс немесе оларға қатысты әрекеттерді қайта қабылдаған шақта ғана орындауы мүмкін.

2-ші деңгей – алгоритмдік. Бұрын игерілген репродуктивті, алгаритмді әрекетті қолдану. Оқушылар аталмыш әрекетті орындаудың бағытталған негізінде бұрын қабылданған ақпаратты өз бетінше жаңғырту және қолдану арқылы орындайды.

3-ші деңгей – шығармашылық. Бұрын қабылданған білім мен білікті үлгілік емес тапсырмаларды шешу үшін қолдану. Бұл орындау процессінде оқушы жаңа ақпарат табатын продуктивті әрекет. Яғни олар эвристикалық әрекетті жүзеге асыра отырып, «ережесіз» бірақ өзіне белгілі аяда қызмет ете отырып, әрекеттің өзге ережелерін жасайжы, зерттеушілік қызметпен айналысады.

Мақсатты нақтылау қызметі процессі кезінде педагог аталмыш сабақтың пәні болатын мазмұн элементтерін анықтайды; стандарт талаптарын, уақыт мөлшерін, оқушылардың ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып әр элемент үшін оның игерілу деңгейі мен жалпылама мақсатын анықтайды; мақсаттарды құрады және сәйкесіншесол мақсатқа жетуге қажетті әрекеттер әдәсә мен түрлерін таңдайды.

Оқытудың нәтижелерін тексеру және бағалау оқыту мақсаттарына бағытталған болуы тиіс. Педагогикалық практикада тексеру мен бағалауда мақсатқа барабарлық жоқ болатын құбылыстар белең алған. Мысалы, стандартқа сәйкес белгілі бір мазмұн элементі білім мен үлгілік дағды деңгейінде игерілуі керек (алгаритмдік деңгей), ал тексеру мен бағалау тестінің көмегімен, яғни дұрыс жауапты таңдау арқылы тану деңгейінде жүзеге асырылады.

Тестіні жалпы түрде құрылым ретінде ұсынса болады: Тест=Тапсырма+Өлшем, яғни кез келген тапсырманы, егер оның өлшемі көрсетілген жағдайда, тест деп санауға болады. Өлшем – тапсырылған қызметті орындаудың толық дұрыс тәсілі.

Оқушылардың жауабын өлшеммен қатар салыстырғанда тестінің орындалу сапасыны туралы қорытынды шығаруға болады. Оқытуда материалды игерудің үш деңгейіне сай келетін жетістіктің үш деңгейі бойынша тестілерді қолданады

(тану және жаңғырту, алгоритм бойынша әрекет ету, шығармашылық қызмет).

1-ші деңгейге:

- тану – көрсетіліп отырған объекті немесе құбылыс осы түрдің объектісіне немесе құбылысына сәйкес келетінін анықтау;
- айыру («таңдау тестісі») – мүмкін болатын жауаптардың ішінен бір немесе бірнешеуін таңдау, мүмкін болатын жауаптар нұсқалары тест мазмұнында болады;
- алмастыру тестілері – тастап кеткен сөзді, формуланы немесе басқа бір білім элементін қою сипатындағы тестілер тән.

2-ші деңгей үшін сындарлылық тестілері таңдап алынады: оқушы есінде бар ақпарат бойынша сәйкес жауап беруі тиіс. Үлгілік тапсырмалар да қолданылуы мүмкін.

3-ші деңгейге жаңа жағдайда білімін пайдалануға арналған (әр тапсырмаға өлшем әзірленеді) үлгілік емес тапсырмалар, оқушыны жауабын табу арқылы өзі үшін жаңалық ашуға итермелейтін мәселелерді (қажетті және мүмкін болатын тапсырмалар алдын ала әзірленеді) [26].

Бағалау критерийлерін мұғалім алдын ала дайындайды, ал сауаттылықты қалыптастыру мақсатында оларды оқушылармен бірлесіп әзірлеген дұрыс. Мысалы мұғалім тексеру жұмысын жүргізбес бұрын оқушыға бағаланатын жұмыстың критерийі бойынша баға беруін өтінеді (топпен немесе жұппен). Аталған критерийлердің ішінен оқушылармен бірлсесе отырып педагого басым критерийді таңдап алады. Оқушылардың критерийлерді түсінбей қалмасы үшін педагог олармен бағалау критерийлерін талқылап, түсіндіруі керек. Критерий мазсұны түсінікті тілмен жазылғаны дұрыс. Олар оқушылардың көз алдында (тақтада, плакатта жазылған т.б.) тұруы тиіс.

Критериалды бағалау жүйесі ағымдағы және қорытынды бағалау кезінде, сонымен қатар жетуі тиіс мақсаттарға қойылатын бағаларға келгенде өте қолайлы. Оған қоса, ол мұғалім, оқушы және ата-аналарды әрдайым қарым-қатынасқа түсіріп отыруды қамтамасыз ете отырып, оқытуда пайда болған мәселелерді диагностикалау әдісі болып табылады.

Ішкі жиынтық бағалау жыл аяғы және тоқсан аяғында оқушының прогресі туралы ақпаратты мұғалімдер мен оқушыларға беру үшін дайындалады. Ішкі жиынтық бағалау тоқсан бойында өтетін оқу мақсаттарына негізделген және мұғалімдерге әр оқушының жетістіктерін қадағалауға мүмкіндік береді.Мұғалім әдістемелік нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып оқушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау процессі кезінде бағалайды, балл қою схемасы бойынша ішкі жиынтық бағалауды жүргізеді.

Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар барлық оқушыларға бағалаудың тең мүмкіндіктерін беруді ескере отырып дайындалады [25].

Сыныптар бойынша оқу бағдарламасының мазмұны пәндер бойынша оқу жоспарындағы ұсыныста берілген. Оқу жоспарындағы тапсырмаларды мұғалімдер оқушылардың барлық оқу мақсаттарына жеткеніне және оқу бағдарламасының мазмұнын білетіндеріне көз жеткізу үшін қолдана алады.

Оқыту мақсаты – берілген кезең аяғында оқушылардың дағдылар мен

түсініктерді, білімді меңгергендері немесе оларды түсінетінін көрсететін тұжырым. Олар пәндер бойынша сыныптан сыныпқа нақты құрылым прогресін көрсету үшін оқу жоспарында белгіленген. Оқу жоспары ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді мақсаттарды жоспарлау үшін дайындалған.

Ұзақ мерзімді жоспар:

• ортақ тақырып бойынша оқу мақсаттарын бөлімдер бойынша топтайды;

• алдыңғы жұмыспен, мақсатпен өзара байланыс орнатуға, және оқытудың одан кейінгі жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді;

• бөлімдер бойынша теңестірілген және басқарылатын байланысты орнатуды қамтамасыз етеді.

Орта мерзімді жоспар:

• мұғалімдерге өз сабақтарын жоспарлауда қажетті бөліктерді береді;

• сабақ беруде әр түрлі тәсілдерді қолданудағы мүмкіндік жолдарын анықтайды;

• оқытудың кіріспе, дамыту мен бекіту тәсілдерін және негізгі ресурстарын ұсынады;

• бағалаудың мүмкіндіктерін анықтайды;

• тіл қабілетін жақсарту бойынша талаптарды анықтайды.

Қысқа мерзімді жоспар:

• оқытуды ұйымдастыру үдерісін анықтайды: жаппай оқыту, топтық, жұптық жұмыс, жеке жұмыс;

• оқытудың әр түрлі тәсілдерін ұсынады;

• бағалауды ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады және оқушымен оқу мақсатына жету туралы кері байланысты береді.

Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау бір-бірімен тығыз байланысты. Жоспарлау педагогикалық процесс барысында мақсатқа жетудің әдістері мен тәсілдерін, ондағы субъектілердің әрекеттерінің реттілігін құруды сипаттайды. Жоспарлау барлық қатысушылардың қызығушылығын тудырып, назарын сабаққа аудыртуы тиіс.

Ұзақ мерзімді жоспарлау білім жүйесіндегі саясатты құратын тұлғалар мен мектеп әкімшілігі арқылы әзірленеді. Ұзақ мерзімді жоспарлауды әзірлеу барысында білім беруді дамытудың жалпы қағидаттары (дамуының тұжырымдамасы); дамудың басты бағыттары мен бағдарламалары; қойылған оқу мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін маңызды шараларды іске асырудлың мазмұны мен реттілігін анықтайды.

Ұзақ мерзімді жоспарлауда бір оқу жылына арналған оқыту тақырыптары беріледі. Ал әр тақырыпқа неше сағат арнайтынын мұғалім өзі шеше алады [27]. Мұғалім әр сыныпта сабақ беру процессінде оқу бағдарламасының барлық мақсаттарын қамтуы тиіс. Бағалау процессінің қолайлы әрі тиімді болуы үшін әр тоқсанға формативті бағалау үшін 10 мақсаттан таңдап алынады. Таңдап алынған мақсаттар мұғалім мен оқушыларға пәнге қатысты түсінік пен дағдыларының ілгерілеуін анықтап отыруға мүмкіндік береді.

Әр тоқсан басында мұғалім тоқсан соңында формативті бағалау жүргізуі үшін қөажетті мақсаттардың бәрі оқу жоспарында қамтылғандығын анықтауы тиіс. Бұл оған алдын ала формативті бағалау жүргізуі үшін әрекеттірн

жоспарлауға мүмкіндік береді. Енді ұзақ мерзімді жоспарлау бойынша мысал келтірсек (5-кесте).

5-кесте – «Сауат ашу» пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспар үлгісі, 1-сынып

1-тоқсан	**2-тоқсан**	**3-тоқсан**	**4-тоқсан**
1	2	3	4
Тыңдалым және айтылым:			
Оқушылар: • дыбыстарды дұрыс айтуға, сөз құрамында ажыратуға үйрене бастайды; • тыңдалған ақпаратты және әңгімелерді түсіне бастайды; • өз ойын және сезімін өзгелермен бөлісуді үйрене бастайды; • тыңдаған ақпараттан бір немесе бірнеше негізгі ойды анықтайды; • тыңдаған қарапайым өлеңдердің және әңгімелердің кейбір жерлерін жетекші сұрақтар арқылы мазмұндай бастайды; • оқушылардың пікірін тыңдауды және өзгелермен өз ойын бөлісуді үйрене бастайды.	Оқушылар: • дыбыстарды дұрыс айтуға, сөз құрамында ажыратуға үйренеді; • тыңдалған ақпаратты және әңгімелерді түсінеді; • өз ойларын жай сөйлемдермен жеткізе алады; • негізгі ойды анықтап, өздері тыңдаған ақпарат туралы сұрақ қояды; • тыңдаған әңгімені жетекші сұрақтар арқылы мазмұндайды; • сезімін өзгелерге түсіндірген кезде еркін,сенімді сөйлей бастайды.	Оқушылар: • тыңдалған ақпаратты және әңгімелерді нақты түсінеді және әңгімеге байланысты қойылған сұрақтарға ойлана жауап қайтарады; • тыңдалған ақпаратқа қатысты орынды сұрақтар қояды және жауап береді; • қарапайым әңгімелердің басты оқиғаларын мазмұндауды және әңгіме не туралы болатынын болжауды үйренеді; • өз ойы, сезімдерін және идеяларын өзгелерге түсіндіруде сөздік қоры толыға бастайды, тыңдалым қабілеті арта түседі.	Оқушылар: • тыңдалған ақпараттарға және әңгімелерге өз ойын білдіреді; • қойылған сұрақтарға жауап беру үшін зейін қойып тыңдай бастайды; • әңгімедегі негізгі оқиғаларды ретімен мазмұндайды; • тыңдайды, өз сезімін білдіреді және диалогқа қатысады.
Оқылым:			
Оқушылар: • сызба арқылы сөйлем құрастыра алады және оқиды; • сөздер мен жай сөйлемдерді буындап оқиды; • қарапайым суретті мәтіндер мен	Оқушылар: • сөздер мен жай сөйлемдерді тұтас, қатесіз және түсініп оқи бастайды; • әңгіме мен деректі мәтіндердің (ақпараттық, нұсқаулық, т.б)	Оқушылар: • шағын мәтіндерді мәнерлеп оқи бастайды; • оқыған мәтіндердің мазмұнын жүйелі баяндайды; • әңгіменің басын,	Оқушылар: • шағын мәтіндерді іштей түсініп оқуды үйрене бастайды; • оқыған мәтіндерінің мазмұнына өз пікірін білдіреді; • оқығаны бойынша

5-кестенің жалғасы

1	2	3	4
кітаптарда басты оқиғалар мен ақпаратты көрсете алады; • жиі кездесетін қарапайым сөздерді мәтіндерден бірден танып оқиды; • бейтаныс сөздердегі әріптерді, дыбыстарды таниды және қарапайым сөздерді оқу үшін дыбыс туралы білімдерін пайдаланады; • әңгіме мен деректі мәтіндерді (ақпараттық, нұсқаулық, т.б) мағыналық ерекшеліктерін түсіне бастайды.	мағыналық ерекшеліктерін түсінеді; • суретті кітаптардағы, қарапайым әңгімелердегі кейіпкерлерді анықтайды; • сөз бен сөйлемдерді дауыс ырғағына келтіріп оқиды және мағынасын түсінеді; жиі кездесетін сөздерді бірден танып оқиды және әріптерді, қарапайым сөздерде дауысты және дауыссыз дыбыстарды пайдаланады.	ортасын және соңын анықтауды үйренеді және осы ойларын суреттер арқылы көрсетеді; • қарапайым деректі мәтіндердің ерекшеліктерін тани бастайды; • кітаптың мазмұны көрсетілген беттен ақпаратты (бөлімдері, тақырыптары, беттері) іздеп табуды үйрене бастайды; жиі кездесетін сөздерді бірден танып оқиды және қарапайым жаңа сөздерді оқу үшін дыбысты дұрыс пайдаланады.	сұрақтарға жауап береді; • әліпби ретімен құрылған мәтіндерден (сөздіктер, анықтамалықтар, бейнелі кітаптар) ақпараттарды табу жолын үйренеді; • оқыған мәтіндері бойынша кейіпкерлердің іс-әрекетіне, ақпараттың берілуіне өз пікірін айтады (не ұнайды/не ұнамайды, себебі...); • кітаптың мазмұны көрсетілген беттен ақпаратты (бөлімдері,тақырыптары ,беттері) іздеп табады; жиі кездесетін сөздерді бірден танып оқиды және жаңа сөздерді оқыған кезде дыбысты сенімді пайдаланады.
Жазылым			
Оқушылар: • әріп элементтерін дұрыс байланыстырып, үзбей жазуға дағдыланады; • таныс дыбыстарды қолданып, әріп, буын, сөз жазады (өз есімін, дыбыстың графикалық сызбасын); • қарапайым әңгімелер мазмұнын белгі, суреттер арқылы көрсетеді.	Оқушылар: • әріптерді анық, бірдей арақашықтықта және сызықтарды үзбей дұрыс байланыстыра отырып, көркем жазады; • жеке сөздер мен жай сөйлемдерді сауатты жаза бастайды; • жазылым дағдыларын әңгімені жазу немесе ақпаратты көрсету үшін пайдаланады, қарапайым сөздер жазуға талпынады; • жазуда АКТ-ны пайдаланады, қысқа әңгімелер мен қарапайым деректі мәтіндердің айырмашылықтарын ескере отырып, сөздерден сөйлемдер құрап жаза бастайды.	Оқушылар: • сөйлемдерді, шағын мәтіндерді көшіріп, көркем жазады; • жеке сөздер мен жай сөйлемдерді сауатты жазады, грамматикалық тапсырмаларды (керекті әріпті қою, буын қосып, сөз құрап жазу) орындайды; • сөйлемдерде шақты дұрыс қолданып жазады, үлгілер, сызбалар, суреттер қолдана отырып, қарапайым мәтіндер мен сөйлемдер жазады, АКТ-ны қолданады.	Оқушылар: • жазу жылдамдығын арттыра отырып, көркем, сауатты жазады; • шағын сөйлемдерді есту арқылы жатқа жазады; • мұғалімнің көмегімен жоспар құрастырады және қарапайым мәтіннің мазмұнын жаза бастайды; • сөйлем түрлерінің тыныс белгілерін дұрыс қойып жазады; • өз жұмыстарын презентациялауға АКТ-ны пайдаланады; • қарапайым әңгімелер мен әдеби емес мәтіндер құрастыруда сөздерді орынды қолданады.

Орта мерзімді жоспарлау әдетте мұғалімдер тобы немесе жеке мұғалім арқылы жүзеге асады. Орта мерзімді жоспарлау ұзақ мерзімді жоспарлау арқылы анықталған бағыттарды нақтылап, қасқа мерзімге әзірленеді. Орта мерзімді жоспарларында қойылған мерзім аралығына негізгі мақсаттар дайындалады. Оларда әр тоқсанға немес бөлімге арналған оқыту тақырыптары белгіленеді. Ал сағаттарды бөлу мұғалімнің өз қолында [25].

Орта мерзімді жоспарларда мұғалімдерге сабақты өткізу, тақырыптар мен бөлісдер, сабақты оқушыларды ұйымдастыру, сонымен қатар пайдаланылатын ресурстар (интернет, текстер, тапсырмалар, видео- және аудиоматериалдар және т.б.) бойынша нұсқаулықтар беріледі (6-кесте).

6-кесте – «Сауат ашу» пәні бойынша орта мерзімді жоспар үлгісі

«Сауат ашу» пәні Бастауыш мектеп 1-сынып
1-бөлім: «Өзім туралы»
Осыған дейін меңгерілуі тиіс білім
1-бөлім үйде/балабақшада алынған білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылар әңгімелер мен өлеңдерді, өздерін сипаттауға керек кейбір сөздерді білуі керек.
Контекст
Бірінші бөлім оқушыларға бірін-бірі танып білуге мүмкіндік береді. Бірінші бөлім әлемтану, ғылымға кіріспе пәндерімен байланысты. Бөлімде дыбыстар жүйелі әрі арнайы оқытылады, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып, графикалық түрде белгілейді. Дыбыстардың айтылу ерекшеліктерімен танысады. Дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға және оны сызба бойынша оқуға дағдыланады. Мұғалімдер тапсырмаларға қатысты әңгімелер, өлеңдер немесе санамақтар айтуы және оларды хормен қайталатуы арқылы оқушылардың үйренуіне мүмкіндік беруі керек. Бұл бөлімде жеке бас гигиенасын, өмір қауіпсіздігін, өзінің денсаулығын және мектеп ішіндегі қауіпсіздікті сақтау ережелері үйретіледі.
Қысқаша шолу
Бұл бөлім «Менің ұнататын заттарым» деген тақырыптан бастап, үй туралы ақпаратты ортаға салуға ауысады, осы арқылы оқушыларға топта, жұпта бір-біріне сұрақ қоюға және жауап беруге дағдыланады, бірігіп өлеңдер және әдеби емес мәтіндер құрастыруды бастайды.

Оқу бағдарламасына сілтеме	**Оқу мақсаттары**	**Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері**	**Мұғалімге ескертпелер (оқыту әдістемесі бойынша)**	**Оқыту ресурстары**
О6 Оқу түрлері	Қарапайым сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтас әрі дұрыс оқиды.	**Фонетика**		http://www.mes-english.com/flashcards/family.php
		(МК,Ұ) Дыбыстардың анық, дұрыс айтылуын, әріппен белгіленуін арнайы, жиі қайталап отыру қажет. Оқушылардың дыбыстарды меңгеру деңгейін, буындап тұтас, дұрыс оқуын	Бөлімді меңгеру үшін дыбыстарды жүйелі түрде үйрету қажет. Осы бөлімде А, Н, Л, М, О, Т, У дыбыстарын және оларға сәйкес әріптерді үйренуі және әріптен буын,	Қазақ тілінің дыбыстары мен әріптеріне арналған ойын түрлері https://www.

		ескеру керек.	буыннан сөз құрап оқуға жаттығуы керек. Осы бөлімді оқу үшін әріптің баспа/жазба үлгілері жазылған көлемді карточкалар дайындау қажет. Интерактивті ойындар ойнату үшін қосымша құралдар қажет болады. Мысалы: қандай да бір фонемадан басталатын заттар, суреттер, т.с.с.	education.gov.uk/publications/standard/publicationdetail/page1/DFES-00281-2007 Volina V. “ABC for fun” MOSCOW, Prosveschenie. 1991. http://www.labirint.ru/books/200665/, “How teach child to read?” etc
Т/А1 Тыңдалған ақпараттың мазмұнын түсіну Т/А 3 Тыңдалған материалды мазмұндау Т/А4 Астарлы мағынаны анықтау	Өзгелерді тыңдайды, түсінеді және сәйкес әрекет жасай алады. Тыңдалған материалдың мазмұнын жетекші сұрақтардың көмегімен жай сөйлемдермен айта алады. Түрлі мазмұнда қарым-қатынас жасау үшін жаңа сөздер үйренеді.	**Сұрақ қою** **(МК)** Берілген бөлімді өзіңізге ұнайтын бір затты көрсетіп, ол зат сізге несімен ұнайтынын біршама дәлдікпен, жан-жақты сипаттаудан бастаңыз**.** **(Ұ)** Оқушыларды сіз ұстаған зат бойынша көбірек сұрақ қоюға ынталандырыңыз, жетекші сұрақтардың көмегімен мазмұндауға үйрете бастаңыз. **(Ж,Қ)** Оқушыларды жұпқа бөліңіз. Оларға сіздің затыңыз туралы көбірек мәліметті есте сақтауды тапсырыңыз және мұқият тыңдап отырған оқушыларды мадақтаңыз. Тыңдау дағдыларын бағалаңыз: - оқушылар ақпараттың бір немесе бірнеше бөлігін есте сақтай алды; - оқушылар жұппен	Оқушылар үшін пайдалы болатын затты анықтап алыңыз (мысалы, ойыншықтар, белгілі бір жердің суреті). Оқушының қызығушылығына сәйкес келетін сөздік қор мен сұрақтар үлгісін көрсетіңіз. «Бұл зат сізге неге ұнайды? Сіз оны қайдан алдыңыз?», т.б. Өзіңіз оқушылар тарапынан қойылуы мүмкін деген кейбір сұрақтарды алдын ала болжап жазып қойыңыз және оның ішінде қайсысы тақырыпты ашуға көмектесетінін анықтап, сабақ барысын соған сәйкестендіріп құрыңыз. Мысалы: Сіз оны қашаннан бері ұстап жүрсіз?	

		жұмыс істеген кезде бір-біріне кезек беріп сөйлей алады.	Ол сізге неліктен қымбат? т.б. Мағыналы сұрақ қойған оқушыларды мадақтаңыз. Жақсы қойылған сұрақтарды кейінірек еске салу үшін жазып отырыңыз. Тақырыпты толығырақ ашу үшін әңгімелер, өлең-тақпақтар, шағын ертегілер, жұмбақтар және санамақтар айтыңыз. Бірнеше рет қайталап оқушылардың ертегі, өлең және санамақты жаттап, есте сақтап алуына және өздері айтуына мүмкіндік беріңіз.	
		Ұнататын заттарын ортаға салу		
Т/А 3 Тыңдалған материалды мазмұндау Т/А5 Әлеуметтік және іскерлік ортадағы тілдік нормалар	Тыңдалған материалдың мазмұнын жетекші сұрақтардың көмегімен жай сөйлемдер арқылы айта алады. Түрлі жағдаяттарға байланысты қарым-қатынас барысында сөздік қорын пайдаланады.	**(Т)** Оқушыларды өздерінің ұнататын заттарын бір-біріне көрсетуі әрі түсіндіруі үшін топқа бөліңіз. **(Ұ)** Сынып болып бір-біріне қоятын сұрақтарды анықтап алыңыз. **(Ж,Қ)** Жұпта бірі-біріне ұнататын заттары туралы сұрақ қойып, оларға жауап береді. Бұл тапсырманы жұптағы оқушылардың орнын ауыстыра отырып, бірнеше рет қайталатып және әрдайым қойылған сұрақтарды жетілдіріп отыру керек. Оқушылардың келесі қабілеттерін бағалаңыз: • лайықты, орынды сұрақтар қоюын;	Оқушыларға өздерінің жақсы көретін ойыншықтарын немесе сүйікті жерлерінің суреттерін, фотоларын алып келуді тапсырыңыз. Фото, сурет әкелген оқушылар коллаж немесе суретті кітап құрастырады. Алдында қойылған сұрақтарды қайта қарап шығыңыз. Мағыналы сұрақтарды жазып алып, постер ретінде қабырғаға іліңіз. Сұрау есімдіктерін пайдаланыңыз. Мысалы: кім? не? неге? қашан?	Жазылым ретін үйрету процессі туралы толығырақ: http://www.teachfind.com/national-strategies/teaching-sequence-

		өзге оқушылардың қарапайым сұрақтарына жауап беруін.	Мағыналы/қызықты сұрақтар қойған және сұрақтарға нақты жауап берген оқушыларды, сонымен қатар көбірек қолдауды қажет ететін оқушыларды бақылап, аты-жөндерін белгілеп отырыңыз.	writing-0
Ескерту: Бөлім дегеніміз – белгілі бір тақырыпты қамтитын сабақтар жүйесі. **Ү** = ұжымдық жұмыс (сыныппен) **Т** = топтық жұмыс **Ж** = жұптық жұмыс **Ө** = өзіндік жұмыс **ОТ** = оқушының тәжірибесі **МК** = мұғалімнің көрсетуі **Қ**= қалыптастырушы (формативті) бағалау				

Қысқа мерзімді жоспар орта мерзімді жоспар негізінде бір тақырып бойынша бір сабаққа араналып жасалады. Қысқа мерзімді жоспарлар пән бойынша сабақ мазмұнын жоспарлауға нақты әдістемелік нұсқаулар береді. Қысқа мерзімді жоспарлар ұзық және орта мерзімді жоспарларда бар мақсатқа жетуге қажетті ресурстарды пайдаланудың нақты тәсілдерін көрсетеді. Қысқа мерзімді жоспарды немесе сабақ жоспарын орта мерзімді жоспардың соңында көрсетілген үлгі бойынша мұғалімнің өзі әзірлейді.

Сабақтарды жоспарлау мұғалімдерді сабақтардың кімге әзірленгенін, нені үйрету керек және қай бағалау әдісін пайдалануға болатыны туралы ойлануға жетелейді. Қысқа мерзімді жоспар сабақ мақсаттарын, міндеттерін, пайдаланылатын құралдар мен конспект-жоспарларды қамтиды. Сабақтың әр бөлігі минут бойынша есептелген болу да мүмкін [27].

Дәстүр бойынша, сабақ «тұтас, толық, уақыты шектелген, оқу жұмысы оқушылардың тұрақты құрамымен жүзеге асырылатын білім беру процесі ретінде анықталады.

Аталған сабаққа мынадай белгілердің жиынтығы сәйкес:

- белгілі білім беру (оқыту және дамыту) және тәрбиелік мақсаттарының болуы;

- қойылған мақсаттарға тиісті нақты оқу материалын таңдау;

- қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін құралдар мен оқыту әдістерін таңдау;

- балалардың оқу қызметін ұйымдастыру.

Қазіргі заманғы сабақ статикалық емес, бірақ «вариативтік», үнемі дамитын, ұжымдық-жеке оқытушы мен оқушының өзара қарым-қатынастың ұйымдастырушылық формасы ретінде қарастырылады. Сабақ – білім беру

процесінің барлық қатысушыларының шығармашылық нәтижесі. Әрбір сабақтың өз құрамы бар – қезеңдері, компоненттері және өзінің анықталған құрылысы – құрылымы.

Сабақтың сыртқы құрылымы сабақтың (оның құрамдас бөліктері) кезеңдерінің жүйесі болып табылады.

Бастауыш мектептегі математика сабағының құрылымы мынадай болуы мүмкін:

I кезең. Сыныпты ұйымдастыру.

II кезең. Бұрын меңгерген білім мен дағдыларды (қайталау) өзектендіру.

III кезең. Жаңа білім мен дағдыларды (жаңа материалды оқыту) қалыптастыру.

IV кезең. Алған білім мен дағдыларды (оқу тапсырмаларды шешу) қолдану.

V кезең. Сабақтың нәтижелері [27].

1 сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарының үлгісі көрсетіледі.

7-кесте – Сабақ жоспарының үлгісі

Сабақтың тақырыбы: Мен өз мектебімде нені көре аламын?	**Мектеп:**	
Күні:	**Мұғалімнің аты-жөні:**	
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар:**
Оқыту мақсаттары	- қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс образдар мен формаларын ажырата бастау; - зерделеу, жазу, бақылау, елестетуды үйрену кезінде өз идеялары мен сезімдерін әр түрлі тәсілдермен көрсету және жеткізе білу; - қоршаған орта және жекелеген формаларды бейнелеу кезінде, кеңістік түсінігінің дамуын көрсету; - көркем туындылардың кейбір сипаттамасын түсіне және жеткізе білу; - қажеттілігіне қарай өз жұмысы туралы қарапайым түсініктеме жасау; - қарапайым тәсілдер арқылы өз идеялары мен сезімдерін білдіру және жеткізу үшін, кейбір қоршаған ортадағы визуалды элементтерді пайдалану және тануды үйрену.	
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар:** • Сурет, баспа сурет салуда материалдармен жұмыс жасай алады; • Нысандар мен беттерді қайта жасай отыра, сызықтарды, формаларды, үлгілер мен текстураларды қолданады.	
	Оқушылардың көпшілігі: • Сурет салу және баспада қолданылатын материалдармен мақсатты түрде жұмыс жасай алды • Нысандар мен беттердің сапасын ескеріп, шығармашылықпен таңдау жасап, сызықтар, формалар, үлгілер мен текстураларды ажыратады және пайдаланады.	

	Кейбір оқушылар: • Таңдағанын түсіндіре отырып, сурет салу және баспа кезінде материалдармен мақсатты түрде жұмыс жасай алады • Нысандар мен беттердің сапасын ескеріп, шығармашылықпен таңдау жасап, сызықтар, формалар, үлгілер мен текстураларды ажыратады және пайдаланады.
Тілдік мақсаттар	**Оқушылар:** Айналадағы бұйымдардың белгілерін сипаттау және олардың қалай көрсетілгенін түсініп, көрсету үшін сын есімдерді қолдану **Пән лексикасы мен терминологиясы:** тегіс, тегіс емес, үлкен, кішкентай, қатты, жұмсақ, ауыр, жеңіл, сурет, баспа, айқындау, қарындаш, балауыз борлар **Диалог/жазу үшін қажетті лексика мен терминология:** *Талқылауға арналған сұрақтар:* Альбом не үшін қажет? Сіз қандай формалар/сызықтар көріп тұрсыз? Бұл бейне қалай жасалған? Бұл жасаған сүртпеден қалай ерекшеленеді? Барлық нысандар мен беттер басуға жарай ма?
	Диалог/жазу үшін қарапайым тіл: Сіз … неліктен екендігін айта аласыз ба? Сіз осы нысанды/бөлменің бұрышын салдыңыз ба? Үлгілер мен текстураларды басу үшін басқасына қарағанда осы нысанның беті жақсы ма?
Осыған дейін меңгерілген білім	Сезімге, музыкаға, қозғалысқа және абстрактілік өнерге жауап бере және сурет сала отырып, баспаларда сызықтар мен формаларды жасау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 0-3 минут 4-6 минут	**(Ұ, МК)** Оқушыларға өз альбомыңызды көрсете отыра, таныстырыңыз. Сынып бөлмесінің бірнеше эскиздерін көрсетіңіз. «Бұрын кім альбомды қолданып көрді?», «Альбом не үшін керек?», т.б. сұрақтарды қойыңыз. Олар сынып бөлмесінің қызықтыратын фрагменттері мен нысандарын қамту үшін өздерінің альбомдарында жұптасып жұмыс істейтінін түсіндіресіз. Олар таңдап алынған/ұсынылған фрагменттермен жұмыс істейді. Суретті қалай салу керектігін көрсетіңіз. Оқушылардан алдыңғы бөлімдегі таңба салу техникасынан нені естерінде сақтағанын сұраңыз. Олардан мектеп ғимаратынан көрген бұйымдарды сиппатап беруді сұраңыз. Олардың өздері көре алатын әртүрлі сызықтар мен формалар туралы және оларды қалай бейнелеуге болатындығы туралы ойлануын сұраңыз.	Мұғалімнің альбомы Оқушылардың альбомдары Қарындаштар
Сабақтың ортасы 7-17 минут	**(Ө, ОТ)** Оқушылар өздері сынып бөлмесінде көре алатын түрлі нысандар, осы нысандардың сызықтары мен формалары және оларды суретте қалай көрсете	«Таңбаны ойлап

	алатыны туралы ойлана отыра, альбомдарында жеке жұмыс істейді.	табыңыз!» ойыны
18- 21 минут	**(Ұ,Қ)** Оқушылар жасаған нобайлардың үлгілерімен бөлісіңіз. «Сіз неліктен бөлменің осы нысанын/фрагментін салдыңыз?», «Сіз қандай формалар көрдіңіз?», «Сіз қандай сызықтарды көрдіңіз?», т.б. сұрақтар қойыңыз	Таңбаларға арналған кесілген қағаз (мысалы, газет қағазы)
22- 27 минут	**(Қ, МК)** «Бұйымды тауып алыңыз» ойыны арқылы таңбалармен таныстыру. Мұғалімнің альбомынан сынып бөлмесінің қандай да бір бұйымның таңбасын көрсетіңіз. Оқушылар таңба арқылы бұл қандай нысан екендігін болжап беруін сұраңыз. Олар тапқан кезде нысанды (суретті) көрсетіңіз. «Кім бұрын таңбалар жасап көрді?» деген сияқты сұрақтар қойыңыз. Оларға сынып бөлмесіндегі қызықтыратын текстуралар мен нысандарды көрсету үшін алдын ала кесілген парақтар мен балауыз борлармен шағын топтарда жұмыс істейтінін түсіндіріңіз. Бұны қалай істеу керектігін көрсетіңіз. Ерік білдірушілердің көрсетілімге көмектесуін сұраңыз. «Барлық нысандар мен беттер текстураны көрсететін жақсы таңба бере ала ма?», «Үлгі» деген сөз нені білдіреді?», «Текстура» деген сөз нені білдіреді?», т.б. сұрақтар қойыңыз	Балауыз борлар
27-37 минут	**(Ж, ОТ)** Оқушылар беттер мен нысандардан жасалған үлгілер мен текстуралар туралы және оларды таңбада қалай көрсету керектігі туралы ойлана отырып, өз таңбаларын жасау үшін жұптасып жұмыс істейді. Бірлесіп жұмыс істеген оқушылар басып шығару кезінде бір-біріне қағазды ұстап тұру үшін көмектесе алады. Бұл альбомдарына жазылуы үшін жұмысты дауыстап айтыңыз (түрін атаңыз).	
Сабақтың соңы	Құралдарды жинаймыз	

Қосымша ақпарат		
Дифференциация – сіз қолдауды қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырма беруді қалай жоспарлайсыз?	**Бағалау** – сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыстар Денсаулық және қауіпсіздік АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелеу элементі)
• Шығармашылық міндеттердің нәтижелерін дифференциациялау. • Міндеттерді оқып-үйренуді мұғалімнің альбомы мен көрсетуі арқылы үлгілеу.	• Басында, ортасында және алдыңғы сабақта үйренген материалдарға шолу жасау. • Бақылау, тыңдау • Сұрау	Музыкамен (музыкалық сүйемелдеу), ғылыммен (материалдарды

• Мұғалім мүмкіндігінше басшылық жасайды және қолдау көрсетеді • Оқушылардың бір-бірін қолдап, жұмыс істеуін ынталандыру (біреуі басып шығарып жатқанда, екіншісі газетті ұстап тұрады). • Мұғалім неғұрлым күрделі баспаны ұсыну		зерттеу) және оқу бағдарламасына сілтемемен (формасын зерттеу) байланыстар. Басқалармен жұмыс, пікірлерді құрметтеу

Рефлексия Сабақтың мақсаттары/оқу мақсаттары шынайы болды ма? Оқушылар бүгін нені үйренді? Сабақтағы көңіл-күй неге ұқсас болды? Менің дифференциялық әдісім дұрыс болды ма? Мен уақытында үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай өзгерістер енгізуді қалар едім және неге?	Осы тарауды сабақтың рефлексиясы үшін пайдаланыңыз. Сіздің сабағыңыз туралы сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз

Қорытынды бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті (сабақ беру туралы, сондай-ақ үйрету туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартатын еді (сабақ беру туралы, сондай-ақ үйрету туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Мен сабақ барысында сынып және жекелеген оқушылар туралы келесі сабаққа дайындалуыма көмектесетін қандай деректерді білдім?

Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері «жетті» немесе «талпынады» деген шешім түрінде оқу мақсаттары бойынша журналда тіркелінеді. Нәтижелерді жинау мұғалімге бағалаудың соңғы нәтижелерін көруге ғана емес, оқу үдерісі барысында туындайтын жеке жағдайлар мен мәселелерді де көруіне мүмкіндік тудырады. Аталған нәтижелерді тіркеу жүйесі оқушылармен кері байланысты, ал мұғалімге оқушыларды көмек көрсететіндей сабақтарын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Мұғалім оқушының оқу мақсатына жеткеніне сенімді болса «жетті» нәтижесін қояды. Оны мұғалім тапсырмаларды орындау кезінде дағдыларды байқаса немесе тапсырманы сыныпта және үй жұмысын орындағанда қояды. Қабылданған шешімді қолдау үшін дәлелдер жеткілікті болу қажет (тұжырымдау) (мысалы, мұғалімнің жазбасы, үйде немесе сабақта орындаған тапсырмалары).

«Талпынады» нәтижесі, егер оқушы оқу мақсатына жетпесе немесе жетуге әлі де талпынатын жағдайда қойылады. Мұғалім оқушыға оқу мақсатына жету үшін тоқсан барысында бірнеше рет мүмкіндік беруі қажет.

Әр тоқсан басында оқушылар мен ата-аналар қалыптастырушы бағалауға іріктелінген оқу мақсаттарымен таныстырулары керек. Бекітілген белгілі кезеңде жеке әр оқушының жетістігі туралы есеп берілуі тиіс.

Әр тоқсанның ортасында мұғалім жеткен немесе әлі де талпынатын оқу мақсаттарының саны бойынша ақпаратты, аралық кері байланыста ұсынып отыруға тиіс. Есептің үлгісі Қосымшада берілген. Түсініктеме кемінде оқу мақсатына жету және бір-екі облыс бойынша оқушылардың тоқсанның екінші жартысында өз нәтижелерін жақсартуға барлық күштерін салатын ұсыныстардан тұрады. Мұғалім өзінің ата-аналар және оқушылармен сұхбатында тоқсан бойындағы прогресті пайдаланып және оқушының қай кезеңде жетісті болған сәттеріне және оларға қай жерде қосымша көмек көрсетуге болатынына көңіл бөледі.

Мұғалімнің есептегі түсініктемесі позитивті және конструктивті болуы, және оқушылардың осы уақытқа дейін қандай оқу мақсатына жетуге талпынып жүргенін, оның нәтижесі оқушыда қалай болатыны көрсетілуі керек. Есептің соңындағы мұғалімнің қорытынды түсініктемесі келесі аспектерден тұру керек:

• оқушылардың мектептегі оқуына деген көзқарасы;

• қаншалықты жақсы олар топта немесе жеке жұмыс жасай алады;

• жұмыста немесе оқу мақсатында өздерінің аса жетісті болған аспектілері;

• олардың өз жұмысын ұйымдастыруы және жоспарлау қабілеті;

• жұмысқа деген мотивация және құлшыныс [27].

Барлық пәндер бойынша қалыптастырушы бағалау бойынша іріктелген оқу мақсаттары туралы ұсыныстары бар құжаттар қолжетімді. Аталған құжаттар:

• бағаланатын оқу мақсаттарынан;

• бағалау бойынша ұсыныстар: қалыптастырушы бағалау үшін тапсырмаларды жоспарлау бойынша ұсыныстардан;

• жетістік критерийлері: оқушының оқу мақсаты «жетті» немесе «талпынатынын» анықтайтын критерийлерден тұрады.

Мысал ретінде «1-сыныптағы «Дүниетану» пәнін бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар» құжатынан үзінді берілген.

8-кесте – Бағалауға арналған ұсыныстар

Оқу бағдарламасына сілтеме	**Оқу мақсаты**	**Бағалауға арналған ұсыныстар**
1.1 Отбасым	1.1.1.1 Түрлі дереккөздерді зерттей отырып, «Отбасы» ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру	Мұғалім оқушылардың «отбасы» туралы түсініктерін бағалайды. Оқушылардан отбасылық шежіре ағашын жасауды, отбасы мүшелерін сипаттайтын постер жасауды, отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүр, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы туралы әңгімелеуді өтінуге болады. Оқушыларды отбасылық шежіре ағашының үлгісімен қамтамасыз еткен жөн. Оқушылар тапсырманы отбасы мүшелері, туыстары туралы деректерді пайдаланып орындайды. Қажет болған жағдайда мұғалім қосымша деректер ұсына алады.
Жетістік критерийлері		
Оқушы оқу мақсатына жетті, себебі		**Оқушы оқу мақсатына жетуге талпынады, себебі**
түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, «отбасы» туралы түсінігін және отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын толық жеткізе алады.		«отбасы» туралы түсінігін және отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын жеткізуде қиналады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасындағы орта білім мазмұнында қазір орын алып келе жатқан сапалы өзгерістер салдары ретінде бағалау жүйесіндегі өзгерістерге жетелейді. Білім алушылар жетістіктерін бағалауда оқудағы жағымсыз сәттерді жоюға мүмкіндік беріп, оқу үрдісін жекелендіруге, білім алушылардың оқу мотивациясын және оқу дербестігін көтеретін көзқарастар талапқа ие болып шығуда.

Бағалаудың жаңа жүйесі білім беру үрдісіндегі мұғалімнің өзінің де рөлі өзгеріп отырғанына ықпал етеді. Тұлғалық-бағдарлы технологиялар оқу үрдісін субъектілер арасындағы әріптестік (бірлескен қызмет) негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім мен білім алушылардың өзара әреткеттесуі үзілмей, оған қоса, көтермелеумен қолдау тауып отырады. Бағалау үздіксіз жүреді, сапалы нәтижеге қозғалыс үрдісінің өзі бағаланады. Білім алушылар өзінің біліміндегі ақаулықтарын өз бетінше және саналы анықтап, мұғаліммен бірге оларды жою бойынша жұмыс жүргізеді, бұл бастауыш мектепте әсіресе маңызды [28].

Мұғалім мен білім алушының осындай өзара әрекеттерінің үлкен құндылығы олардың білім беру үрдісінде белсенді әрекеттесуінде, қажет кезінде бір-бірінің пікірлеріне сыйластықпен қарап, ауысуында түйін тауып отыр. Өздігінен бағалау нәтижеге емес, білім үрдісіне, оның сапасына бағыт алғаны маңызды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-да критерийлік бағалау жүйесінің енгізілу тәжірибесі критерийлік бағалау жүйесі қолданысының тиімділігін көрсетіп, нақты тәжірибені Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қолдану қажеттілігін растады.

Бастауыш буында критерийлік бағалауды енгізу қажеттілігі, ең алдымен, бастауыш білім жүйесінің жеті түйінді құзыреттіліктер негізінде жеке тұлғаның тұтас дамуы үшін іргесін қалауы қажеттілігіне негізделген, ал бағалау жүйесі болса, білім мазмұнының жаңару үрдісіне сәйкес келуі тиіс.

Критерийлік бағалау жүйесін білім беру үрдісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар жалпы білім беретін мектептердің әдіскерлері мен мұғалімдері үшін әр оқушының жетістіктерін жекелеп, сынып деңгейін және тұтас білім беру үрдісінің нәтижелерін бағалауда практикалық нұсқау болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жиркова З.С. Диагностика мотивационной образовательной среды сельской школы. // Вектор науки ТГУ. Серия: Педагогика, психология. 2011. – 115-121 с.

2 Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся *PISA*-2012. Национальный отчет. – Астана: НЦОСО, 2013. – 283 с.

3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің №1118 Қаулысы – Астана: Ақорда, 2010 жыл 7 желтоқсан www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/

4Бражник М.О. Система оценивания в школьном образовании Финляндии. - Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. // Народное образование и педагогика в отдельных странах. - Выпуск № 102. 2009.

5Бражник М.О. Оценивание учащихся основной и старшей школы в Финляндии. - Электронное научное издание (научно-педагогический интернет-журнал). - Ноябрь 2009 г. http://www.emissia.org/offline/2009/1367.htm

6О системе образования в Финляднии (справочник для семей эмигрантов). -Vantaan kaupunki, Sivistystoimi. -2013.

7Информация интернет ресурса. - http://terve.su/zagadki-finskoy-shkoly-menshe-uchi.

8http://www.vatanym.ru/?an=vs310_events2

9Алишев Т.Б., Гильмутдинов А.Х. Опыт Сингапура: создание образовательной системы мирового уровня. // Журнал «Вопросы образования». - Выпуск № 4. 2010.

10 http://diplomabroad.ru/singapur/sistema_obrazovaniya_v_singapure/

11 http://www.educationsystems.info/item921.html

12Корф Д. В. Образовательное право и образовательная система Великобритании // Ежегодник российского образовательного законодательства. -М.: Федеральный центр образовательного законодательства. 2006.

13 http://www.studentinfo.net/faq84-secondary-school.

14«Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы. – Астана, «НЗМ» ДББҰ 1(7) 2014

15«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы,«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2012 жылдың 31 тамыздағы №38 шешімімен бекітілді.

16Интегрированная модель критериального оценивания. Методические рекомендации . – Астана. АОО НИШ.

17«Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы. – Астана, «НЗМ» ДББҰ 1(7) 2014.

18Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. -М.: Педагогика. 1989. -190 с.

19Березовин Н.А., Цырельчук Н.А., Чеховских М.И. Психология и педагогика. В 2 ч. Минск. -2002. Ч. 2 (по Керроллу и Блуму).

20Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2012 жылғы 23 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1080 Қаулысы.

21Боброва, И. Сетевые проекты и управление качеством образования // Директор школы. 2008. - №2. - С. 36-41.

22Квитова Л.Ф. Как проверить качество сформированности умений // Начальная школа плюс До и После. - 2008. - №2.-С. 62-70.

23Красноборова А.А. Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся тема диссертации и автореферата по ВАК 13.00.01, кандидат педагогических наук. – М.: 2012. – 36 с.

24«Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы «НЗМ» ДББҰ №2(8). 2014, - С. 6-10.

25 Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық, «НЗМ» ДББҰ.

26Критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік нұсқаулық, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2013.

27Методические рекомендации по разработке краткосрочных планов по образовательной области «Искусство» в 1 классе, -Астана. НАО. 2014.

28Суртубаева Д.А. К вопросу о критериальном оценивании учебных достижений учащихся. –Астана. НЦПК «Орлеу». 2014.

Мазмұны

Кіріспе..... 3
1 Бастауыш мектепке оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері... 5
1.1 Критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі ретінде..... 5
1.2 Бастауыш мектептегі оқушылар жетістіктерін бағалаудағы халықаралық тәжірибе..... 11
1.3 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ мысалында критериалды бағалау жүйесін енгізудің отандық тәжірибесі..... 24
1.4 Бастауыш мектепте оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың критериалды жүйесін енгізудің әдіснамалық негіздері..... 32
1.5 Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін бастауыш мектептке енгізудің оқу-әдістемелік негіздері..... 36
Қорытынды..... 55
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі..... 56

Введение

В современном мире роль образования как стратегического ресурса общества, обеспечивающего прогресс во всех сферах, требует системных изменений. Школа, как основная и самая продолжительная ступень образования, становится ключевым моментом обеспечения нового качества образования, от чего зависит дальнейшая жизненная успешность каждого гражданина, и общества в целом [1].

Важно создать условия для обеспечения прав учащихся и их родителей на получение полноценного, удовлетворяющего личные потребности каждого индивидуума образования. Многообразие форм и методов обучения должно сопровождаться объективной информацией о качестве оказываемой образовательной услуги, что возможно выявить в процессе оценивания достижений обучающихся.

Актуальность пересмотра процесса оценивания сегодня определяется современными стратегическими задачами образования, необходимостью повышения уровня образования с учетом международных стандартов и современных требований к качеству образования, необходимостью разработки единых требований к отметке и оценке учебных достижений обучающихся в целях обеспечения объективности результатов обучения и конкурентоспособности выпускников казахстанской школы за пределами страны. Анализ результатов Казахстана в международном исследовании *PISA*-2012 [2] показал необходимость совершенствования национальной системы образования, системы оценивания и мониторинга качества образования как приоритетного направления образовательной политики в рамках Государственной программы развития образования РК на 2011-2020 годы [3].

В первом классе начальной школы официально обучение строится на принципах безотметочного обучения с целью обеспечения комфортной адаптации первоклассников к школе. На практике успешно применяются альтернативные системы контроля и оценивания достижений обучающихся начальной школы. Одной из эффективных форм оценивания достижений обучающихся, в том числе и учеников начальной школы, является система критериального оценивания. Использование технологии критериального оценивания заключается в сравнении достижений обучающихся с чётко определёнными, заранее известными критериями, которые позволяют определить, насколько успешно усвоен тот или иной учебный материал, сформирован тот или иной практический навык и фиксировать как изменения общего уровня подготовленности каждого обучающегося, так и динамику его успехов в различных сферах познавательной деятельности.

Безусловно, чаще всего используемая сегодня в педагогической практике методика оценивания по пятибалльной шкале проста и привычна, но она не имеет дифференцирующую способность и не позволяет проследить объективность отметок, так как отсутствуют конкретные и четкие критерии, поощряющие и развивающие самооценивание своих достижений обучающимися, а также осуществляющие обратную связь в образовательном

процессе, когда обучающийся получает информацию о своих успехах и неудачах в качестве рекомендации для улучшения собственных результатов.

Использование системы критериального оценивания в образовательном процессе позволит определить и повысить достижения обучающихся посредством использования определенных параметров (критериев), позволяющих связать систему оценивания с целевыми установками отдельного предмета, а также с формированием компетенций обучающихся в начальной школе. Определение уровня подготовки каждого ученика в начальной школе, индивидуального прогресса в обучении с использованием системы критериального оценивания позволит повысить не только мотивацию обучающихся к обучению, но и качество образовательного процесса в начальной школе.

1 Методологические и учебно-методические основы внедрения системы критериального оценивания учебных достижений обучающихся в начальную школу

1.1 Критериальное оценивание как система оценивания учебных достижений обучающихся

Неотъемлемой частью содержания образования является объективная и достоверная система оценки учебных достижений обучающие.

Во все времена существовали самые различные способы проверки знаний и умений. В процессе исторического развития менялись формы, приемы выставления отметок, частота проведения контрольно-измерительных мероприятий и их содержание, меры воздействия на обучающихся, мотивационные элементы и многие другие факторы.

В настоящее время никто не ставит под сомнение тезис, что процесс образования должен быть системным, иначе его эффективность резко снижается, так как, только координируя образовательно-воспитательную работу, можно достичь взаимодополняемости и непротиворечивости педагогических воздействий на обучающихсяв образовательном процессе.

Кроме того, каждое действие в рамках этого процесса должно быть целесообразным, то есть направленным на достижение какой-то определенной цели и действительно способствующим ее достижению.

